# ИНТЕРНЕТ ЖОҒАРЫДАН КЕЛЕДІ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2025

Жолды қажет етпейтін байланыс.
Ғарыш жақындай түсті.

# МАЗМҰНЫ

003 Директорлар кеңесінің төрағасының алғы сөзі
004 Басқарма төрағасының алғы сөзі
005 2025 жылдың негізгі оқиғалары

1 006 КОМПАНИЯ БҮГІНГІ ТАҢДА
007 Даму тарихы
008 Компанияның бейіні
008 Орналасу географиясы
009 Ұйымдық құрылымы
009 Миссия, пайымдау және құндылықтар
010 Бизнес-модель
011 Стратегиялық мақсаттар
011 Даму перспективалары

2 012 ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР
013 Компанияның цифрлық көрсеткіштері
013 Негізгі индикаторлар
014 Компанияның негізгі көрсеткіштерін есептеу

3 015 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
016 Компанияның қызметтері
016 IT-аутсорсинг
017 Бөлшек бизнесті дамыту (B2C)
018 Операторлық бизнесті дамыту (B2O)
019 Темір жол саласындағы бизнесті дамыту (B2KTZH)
020 Өңірлік бизнесті дамыту (B2R)
020 «Интеллектуалдық шешімдер» бағытын дамыту
021 Бұлттық бизнесті және бұлттық шешімдерді дамыту
021 Спутниктік байланысты дамыту
022 Автомобиль жолдары бойында телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту
022 AIQYN жобасы: мектептерді цифрлық жаңғырту

4 023 ОРНЫҚТЫ ДАМУ
025 Кадрлық саясат
032 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ЕҚЕҚ)
033 Қоршаған ортаны қорғау
034 Сатып алу қызметі

5 035 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
036 Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат
038 Директорлар кеңесі
045 Атқарушы орган
045 Құндылықтар және іскерлік әдеп
045 Мүдделер қақтығысы
046 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
047 Террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл
048 Тәуекелдерді басқару
051 Ішкі аудит қызметі
052 Ақпараттық қауіпсіздік
052 Сапаны басқару

6 053 ҚОСЫМШАЛАР
054 1-қосымша. Есеп туралы
057 2-қосымша. GRI стандартты элементтер кестесі
060 3-қосымша. Қаржылық есептілік
066 Глоссарий

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

**500-ДЕН АСТАМ АНТЕННА-ДІҢГЕКТІ ҚҰРЫЛЫСТАР МЕН БАЗАЛЫҚ МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС СТАНЦИЯЛАРЫН САЛУ КӨЗДЕЛГЕН**

500

## Құрметті акционерлер, серіктестер және әріптестер!

**2025 жыл «Транстелеком» АҚ үшін әрі қарай трансформациялау және Қазақстанның цифрлық инфрақұрылымындағы негізгі қатысушылардың бірі ретіндегі Компания рөлін нығайту кезеңі болды.**

2025 жылы теміржол саласын цифрлық трансформациялау бойынша маңызды стратегиялық құжат – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы қаулысы қабылданды, онда цифрландырудың 10 басым бағыты айқындалды. Цифрлық трансформация, жасанды интеллект пен теміржол технологиялары бойынша жетекші халықаралық және салалық әріптестердің тәжірибесін ұштастыра отырып, «Транстелеком» АҚ осы міндеттерді іске асыратын инновациялық шешімдерді жүйелік беруші және біріктіруші болып отыр.


Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен «Транстелеком» АҚ арасында жасалған елдің автомобиль жолдары бойында телекоммуникациялық инфрақұрылым салу жөніндегі инвестициялық келісімді бөлек атап өтемін. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасының шеңберінде іске асырылып жатқан жоба республикалық және облыстық трассалардағы мобильді байланыс жоқ немесе тұрақсыз жұмыс істейтін тұстарды жоюға бағытталған. 500-ден астам антенна-діңгекті құрылыстар мен базалық мобильді байланыс станцияларын салу көзделген, бұл Қазақстанның автожолдарында байланыс қолжетімділігін, цифрлық инфрақұрылымның қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жылдың ең маңызды оқиғаларының бірі – Қоғамның SpaceX компаниясының ресми серіктесі мәртебесін алуы, бұл Қазақстанда Starlink спутниктік шешімдерін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Компания Starlink трафигін локализациялау үшін базалық инфрақұрылым жасады, SpaceX-тің жерүсті станциясы мен PoP-торабын қосты, сондай-ақ 592 мемлекеттік мекеменің қосылуын қамтамасыз етті.

2027 жылдың аяғына дейін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы тұрғын саны 50 адамнан басталатын ауылдық елді мекендерде интернетке кең жолақты қолжетімділік инфрақұрылымын құруға бағытталған АЕМ жобасын дамытудың стратегиялық маңыздылығы сақталып отыр. Директорлар кеңесі үшін бұл жоба инфрақұрылымдық бастама ретінде ғана емес, сонымен қатар Компанияның цифрлық қолжетімділікті арттыруға, аймақтарды дамытуға және цифрлық теңсіздікті азайтуға қосқан үлесі ретінде де маңызды.

**Директорлар кеңесінің атынан акционерлерге – сенім білдіргендері үшін, Басқарма мен «Транстелеком» АҚ командасына – кәсіби шеберліктері үшін, ал серіктестер мен клиенттерге – ынтымақтастық үшін алғыс айтамын. Компанияның алдында цифрлық сервистерді, спутниктік шешімдерді, бұлттық инфрақұрылымды, жасанды интеллектіні және халықаралық транзитті масштабтаумен байланысты дамудың жаңа кезеңі тұр.**

Құрметпен,
Нурлан Арынгазиев
«Транстелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы



**Нурлан Арынгазиев**

**«Транстелеком» АҚ**
**Директорлар кеңесінің төрағасы**

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

**2025 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША 471 АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕН ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ**

471

## Құрметті акционерлер, серіктестер және әріптестер!

**2025 жыл «Транстелеком» АҚ үшін практикалық нәтижелер мен технологиялық даму және жаңа өсу кезеңіне дайындық жылы болды. Біз телекоммуникация, цифрландыру, жүйелік интеграция, бұлттық сервистер, спутниктік байланыс және теміржол саласына арналған шешімдер бойынша Компанияның позициясын нығайтуды жалғастырдық.**

2025 жылы заманауи цифрлық технологиялық LTE-R желісін құру жобасы бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді, ол Қазақстанның теміржол саласын цифрлық трансформациялау негіздерінің біріне айналуы тиіс. Жоба ҚРҰҚ шеңберінде іске асырылатын болады және тасымалдау процесін, инфрақұрылым мен жылжымалы құрамды басқарудың бірыңғай цифрлық платформасын қалыптастыру, сондай-ақ LTE-R радиобайланысының шамамен 2 800 объектісін орналастырып, 20 мың шақырымнан аса теміржол желілері бойын цифрлық қамту көзделген.

Инвестициялар туралы келісім (ИТК) жобасын іске асыру шеңберінде біз Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарының бойындағы «ақтаңдақтарды» байланыспен қамтамасыз етуге дайындық жұмыстарын жүргіздік. Бастапқы деректер талданып, байланыс инфрақұрылымын орналастыру үшін басымды учаскелер мен объектілер айқындалды, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл ұйымдастырылды, сондай-ақ техникалық шешімдер пысықталды.

2025 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін біз кешенді телекоммуникациялық және IT-шешімдерді дамытуды жалғастырдық. ҚТЖ пайдаланушыларының корпоративтік және технологиялық сегменті үшін ЖИ-сервистер әзірленді, нормативтік құжаттарды талдайтын ЖИ-көмекші, жасырын транзиттерді талдау жүйесі және «ЖИ Рекрутинг» жобасы бойынша бастамалар іске асырылды. Сондай-ақ SD-WAN, E-Telegram, автоматтандырылған жүйелер мен технологиялық байланыс бойынша жұмыс жалғасты. Бұл шешімдер процестердің тиімділігін, деректердің айқындығын және басқарудың сапасын арттырады.

2025 жылғы басты жетістіктердің бірі спутниктік байланысты дамыту болды. «Транстелеком» АҚ SpaceX-тің ресми серіктесі мәртебесін алды, бұл Starlink спутниктік шешімдерін Қазақстан аумағында ендіруге мүмкіндік береді. 2025 жылы біз 300-ден аса ауылдық елді мекенді интернетке, интернет желісіне қолжетімділіктің бірыңғай шлюзі мен МО БКО-ға қостық, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «PetroRetail» ЖШС және 100-ден астам басқа да компаниялар үшін спутниктік интернет қызметтерін көрсетуді қамтамасыз еттік.

Ауылдық елді мекендерде цифрлық инфрақұрылымды дамыту біздің жұмысымыздың маңызды бағыты болып қалуда. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік пен «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының шеңберінде «Транстелеком» АҚ ұзындығы 5,6 мың шақырым желіні пайдаланады. 2025 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша 471 ауылдық елді мекен Интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілді.

**«Транстелеком» АҚ қызметкерлеріне кәсіби шеберліктері, жауапкершіліктері мен күрделі міндеттерді шешуге дайындықтары үшін алғыс айтамын. Акционерлерге, Директорлар кеңесіне, клиенттер мен серіктестерге сенім мен қолдаулары үшін алғыс білдіремін.**

Құрметпен,
Сүйеніш Әбділдин
«Транстелеком» АҚ
Басқармасының төрағасы



**Сүйеніш Әбділдин**

**«Транстелеком» АҚ Басқармасының төрағасы**

# 2025 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

«Транстелеком» АҚ SpaceX-тің ресми серіктесі мәртебесіне ие болды, бұл Starlink спутниктік шешімдерін Қазақстан аумағында ендіруге мүмкіндік береді.

Android, iOS негізіндегі смартфондарға және Smart TV арналған TTS TV мобильді қолданбасы жаңартылды, сонымен қатар Qazaqsha және Qazaqfilm онлайн-кинотеатрлары қосылды.

«FMC B2C» (Fixed Mobile Convergence) ұялы байланыс қызметтерін ұсыну бойынша пилоттық жоба енгізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пайдаланушыларының корпоративтік және технологиялық сегменті үшін ЖИ-сервистер әзірлеу жүргізілуде.

Транстелеком мен Talap ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Серіктестік аясында ТТС WorldSkills Kazakhstan демеушісі болып, чемпионаттары жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етті.

Көкшетау ТТС Петропавлдағы ТТС-тен алғашқы GPON-қосылымды іске асырды.

«Транстелеком» АҚ Ашхабадтағы «Turkmentel 2025»-ке қатысты. «Транстелеком» АҚ өкілдерінің Түрікменстанның Байланыс министрі Хаджимырат Худайгулыевпен және «Түрікментелеком» ҚЭ бас директорының орынбасары Аннадурды Аннадурдыевпен ресми кездесуі өтті.

«Транстелеком» АҚ Astana IT University-де AI-Day ТТС өткізді.

Транстелеком Павлодарда 14 заманауи аялдама павильонын орнатуды аяқтады.

ТТС компаниясы Шалқар көліндегі танымал демалыс орындарында Интернет желісіне жоғары жылдамдықпен қолжетімділікті қамтамасыз ету жобасын сәтті жүзеге асырды. Бұл қадам мемлекет басшысы алға қойған міндетке сәйкес туристік аймақтарды дамытуға және жаңғыртуға бағытталған.

Астана мен Алматыда ТТС бұлтты шешімдері мен деректер орталықтары кезекті тексерістен өтті. PCI DSS халықаралық қауіпсіздік стандартының 4.0.1. нұсқасына сәйкестігі расталды.

«Транстелеком» АҚ

# 1 КОМПАНИЯ БҮГІНГІ ТАҢДА

**«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ SPACEX-ТІҢ РЕСМИ СЕРІКТЕСІ МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ, БҰЛ STARLINK СПУТНИКТІК ШЕШІМДЕРІН ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЕНДІРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ**




007 Даму тарихы
008 Компанияның бейіні
008 Орналасу географиясы
009 Ұйымдық құрылымы
009 Миссия, пайымдау және құндылықтар
010 Бизнес-модель
011 Стратегиялық мақсаттар
011 Даму перспективалары

# ДАМУ ТАРИХЫ

## 1998 – 2004

Кәсіпорынның құрылуы. ҚТЖ-ның құрамынан қайта ұйымдастыру. Телеком-қызметтің басталуы: интернет-қызметтерді іске қосу, цифрлық АТС-тар орнату, «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылу.

## 2005 – 2009

Инфрақұрылымды дамыту: Алматы–Астана ТОБЖ (1 340 км), Желіні басқару орталығы, халықаралық арналар (алғаш рет – Астана–Лондон). Халықаралық көрмелерге қатысу, автоматтандырылған жүйелерді енгізу.

## 2010 – 2014

Сервистерді кеңейту: пойыздардағы интернет, ҚТЖ филиалдарын қосу, спутниктік және телеграфтық байланысты дамыту. ТОБЖ ұзындығы 8 139 км-ге жетті. Теміржол және медицина салаларына арналған цифрлық шешімдер іске қосылды.

## 2015 – 2017

Жекешелендіру. Трансформациялаудың және lean-тәсілді енгізудің басталуы. 100G DWDM оптикалық желісі тартылды. ТТС ҚТЖ тобына арналған цифрлық шешімдердің интеграторына айналды. SOC құрылды. ТОБЖ ұзындығы – 15 000 км-ден асты.

## 2018 – 2019

Қайта брендтеу: ТТС-та сауда белгісінің ауыстырылуы, 191 байланыс орталығын іске қосу. Бұлттық шешімдерді, ДӨО, блокчейн-бастамаларды, киберқауіпсіздікті дамыту. 9 өңірде ауылдық мектептерді интернетпен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жоба іске асырылды.

## 2020 – 2021

ТОБЖ-интернетке 429 ауыл қосылды. Аймақтарда 7 ДӨО салынды. 75% минус 1 акция «Unit Telecom» ЖШС-ына өтті. Халықаралық серіктестіктер мен TCFO жобаларын дамыту.

## 2022

Инновацияларды белсенді дамыту: 20 ЖОО-мен меморандум, Plug and Play-мен стартап-бастамаларды іске қосу, жаңа CGNAT-платформа (100 Гбит/с), телеграф инфрақұрылымын жаңғырту, ТТС TV қолданбасын іске қосу, ДӨО-ларды Tier III-сертификаттау.

## 2023

ҚХР, РФ, Өзбекстанмен арналар мен желіаралық қосылыстарды ұлғайту. Білім беруде және ҚТЖ үшін цифрлық жобаларды іске асыру. Public Cloud бұлттық платформасын іске қосу. ТТС – жұмыс беруші бренді бойынша телеком-компаниялар арасында №1 (The Talentist).

## 2024

Жасанды интеллект (AI) және үлкен деректерді талдау (Big Data) технологияларын қолдана отырып, жаңа цифрлық өнімдер әзірлеу басталды.

## 2025

«Транстелеком» АҚ SpaceX-тің ресми серіктесі мәртебесін алды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы қаулысы қабылданып, онда «ҚТЖ «ҰК» АҚ-ты цифрландырудың басым бағыттары айқындалды. «Транстелеком» АҚ осы міндеттерді іске асыратын инновациялық шешімдерді жүйелік беруші және біріктіруші  болды.

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен «Транстелеком» АҚ еліміздегі автомобиль жолдарының бойында телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөнінде инвестициялық келісім жасасты.

«Транстелеком» АҚ мектептердің IT-инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуға бағытталған AIQYN жобасын ұсынды.

# КОМПАНИЯНЫҢ БЕЙІНІ

«Транстелеком» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Транстелеком» АҚ, Компания) – Қазақстанның ірі байланыс операторларының бірі. Компания телекоммуникацияларға, цифрландыруға және IT, байланыс, автоматика және энергетика саласындағы жүйелі интеграцияға маманданған.

**1998 жылы «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-тың (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ) еншілес кәсіпорны ретінде құрылды. 1999 жылы мемлекеттің 100% қатысуымен АҚ болып қайта құрылды. Ол өзінің алдындағы ұйымның барлық міндеттемелері мен құқықтарының құқықтық мирасқоры болып табылады. 2020 жылы бекітілген Жарғы негізінде жұмыс істейді.**

## Бас кеңсенің мекен-жайы

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10, Z05H9A7.

## Негізгі көрсетілетін қызметтері

**Байланыс (халықаралық, қалааралық, жергілікті).**

**Интернетке қолжетімділік.**

**Магистральдық байланыс арналары.**

**Ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық және бұлттық сервистер.**

## Қызметінің мақсаттары

- ҚР-да және одан тысқары озық цифрлық шешімдер ұсыну.
- Қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық желілерді дамыту және интеграциялау.
- Пайда алу және акционерлердің мүдделерін қорғау.

## Желі және қамту

- Бүкіл ел бойынша 14 филиал.
- 2 дата-орталық.
- Қазақстанды РФ, ҚХР, Қырғызстан, Өзбекстан және (алдағы уақытта) Түрікменстан операторларымен байланыстыратын тармақталған ТОБЖ желісі.

# ОРНАЛАСУ ГЕОГРАФИЯСЫ

«Транстелеком» АҚ ҚР ірі байланыс операторларының бірі болып табылады және оның республика бойынша тармақталған филиалдар желісі (14 филиалы) бар.

# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

**«Транстелеком» АҚ-тың ұйымдық құрылымы Адизес әдіснамасы бойынша басқару қағидаттарына негізделген. Ол икемді, бейімделгіш және бірегей құзыреттерді дамытуға, инновацияларды тиімді енгізуге және өзгерістерге тез жауап беруге бағытталған.**




# МИССИЯ, ПАЙЫМДАУ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

## Миссия

**Компанияның бірегей мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қазақстандықтарды цифрлық игіліктер молшылығына жеткізу.**

## Пайымдау

**«Транстелеком» АҚ пайымы – жеке және мемлекеттік секторларда ірі кешенді жобаларды іске асыратын және жеке тұлғалар мен ұйымдарға кең ауқымды қызмет түрлерін ұсынатын әртараптандырылған кең спектрлі АКТ қызметтерін көрсету операторы.**

**Осылай мәлімдеудің негізгі фактілері:**

- Нарықтың барлық сегментінде қызмет көрсету.
- Қызмет көрсету мен жобаларды іске асыруды үйлестіру.
- Дәстүрлі байланыс қызметтерін көрсету мен АКТ және бұлттық қызметтерді біріктіретін үлкен қызметтер қоржыны бар.

## Құндылықтар

**ҚҰРМЕТ**

**Біз бір-бірімізді құрметтейміз.** Клиенттерді, серіктестерді, бәсекелестерді тең деп қабылдау, олардың өз құндылықтары мен мақсаттары болатынын қабылдау, оларды тыңдай және есті білу, ортақ мүдделер түйісетін тұстарды табу және, егер «Транстелеком» АҚ құндылықтарына қайшы келмесе, өзара тиімді қарым-қатынас құру.

**ЖЕТІЛДІРУ**

**Біз үнемі жетіліп отырамыз.** «Транстелеком» АҚ көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және оларды пайдалану клиенттер үшін ыңғайлы болуы үшін де, өз қызметін, қызметкерлерінің біліктілігін және олардың «Транстелеком» АҚ қызметіне қатыстырылуын, бизнес-процестер мен рәсімдерді жетілдіру бойынша да үздіксіз жұмыс атқарады.

**СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ БЕДЕЛ**

**Біз сенімді компаниямыз, біз атымызға кір келтірмеуге тырысамыз.** «Транстелеком» АҚ сенімді қызмет көрсетуші және серіктес, әлеуметтік жауапты және заңға бағынатын нарық ойыншысы ретіндегі беделін сақтауға және арттыруға күш салуда.

# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

ТТС-тың Business Model Canvas форматындағы ағымдағы бизнес-моделінің сипаттамасы

**НЕГІЗГІ СЕРІКТЕСТЕР**
- Бизнестің серіктестік моделіндамыту (бизнесті стратегиялық бақылауды сақтай отырып, серіктестер тарту)

**НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ**
- Жаңа клиенттер тарту
- Тендерлерге қатысу
- Норма шығару процесіне қатысу

**НЕГІЗГІ РЕСУРСТАР**
- Адам ресурстары
- Техникалық инфрақұрылым

**ҚҰНДЫЛЫҚ ҰСЫНЫСТАРЫ**
- Бұлттық сервистер ұсыну
- Халықаралық транзит және интернет қызметтері

**КЛИЕНТТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС**
- Компания клиенттермен ұзақмерзімді қарым-қатынасты сақтауға бағдарланған

**КАНАЛЫ**
- ТОБЖ өз жеке желісі
- Ақпарат орталығы

**КЛИЕНТТЕР СЕГМЕНТТЕРІ**
- B2KTZH
- B2BG
- B2O
- B2SP
- B2R
- B2C
- B2Cloud

**ШЫҒЫСТАР ҚҰРЫЛЫМЫ**
- Жұмыстарды орындау/қызмет көрсету үшін бөгде ұйымдарды тарту
- Күрделі шығындар (жабдықтар сатып алу)
- Инфрақұрылымды пайдалану

**КІРІС АҒЫНДАРЫ**
- Жұмыстарды орындауға/қызмет көрсетуге кірісті шарттар жасасу

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

**«Транстелеком» АҚ алдына мынадай стратегиялық мақсаттар қояды:**

① Процестерді оңтайландыру және жаңа қызметтер енгізу есебінен **таза пайданы арттыру.**

② Заманауи технологияларды енгізу және процестерді автоматтандыру арқылы **операциялық тиімділікті арттыру.**

③ **Клиенттік базаны кеңейту:**
Барлық сегменттерде жаңа клиенттер тарту, бір ірі клиентке тәуелділікті төмендету, сервистік түсімнің үлесін арттыру.

④ **Өнім қоржынын кеңейту:**
Нарықтың қазіргі және келешектегі қажеттіліктеріне бейімделген жаңа қызметтер мен шешімдерді енгізу.

# ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«Транстелеком» АҚ нарықтағы өз позициясын ұстау және жақсарту үшін бірнеше стратегиялық бағыттарды іске асыруды көздейді:

**B2KTZH БЛОГЫН ДАМЫТУ:**
- Жаңа жобалар (LTE-R, ПҚИРЖ, Smart локомотив және депо, Smart-станция, Smart-Инфрақұрылым, ЕЦМП, ШКЖ АБЖ, ЖИ, ЭДТ АБЖ 2.0, ДӨО) есебінен теміржол саласы үшін цифрлық экожүйе құру.

**B2RG СЕГМЕНТІН ДАМЫТУ:**
- Аймақтарда бұрын іске асырылған жобаларды масштабтау.
- АЕМ жобасын дамыту (2027 жылдың аяғына дейін бүкіл ҚР аумағында тұрғындар саны 50 адамнан бастайтын ауылдарда кең жолақты интернетке қол жеткізілетін инфрақұрылым құру).
- ТКШ-да Ақылды есептегіштер енгізу жобасын дамыту.
- СРИМ су арналары үшін телекоммуникациялық инфрақұрылым қамтамасыз ету жобасын дамыту.
- Ғаламдық спутниктік Интернет – Starlink жүйелерін қолдана отырып, нарықты кеңейту.
- Өсудің негізгі драйверлері: бейнебақылау жүйелері, ЖИ-шешімдер және телекоммуникация қызметтері.

**B2O СЕГМЕНТІ:**
- Аймақтардағы операторларды қосу.
- Халықаралық бағыттарды дамыту.
- Өткізу қабілетін кеңейту.
- Желінің істен шығуға төзімділігін арттыру.

**B2B СЕГМЕНТІНЕ НАЗАР ШОҒЫРЛАНДЫРУ:**
- Ірі өңірлік бизнес-жобаларды іске асыру (мұнай-газ саласына, жер қойнауын пайдаланушыларға, тау-кен саласына, банктерге назарды шоғырландыру).
- SAP, SCADA, ЖИ құзыреттілік орталығын құру.
- Желінің инфрақұрылымдық шешімдерін құру: Private LTE, Wi-fi, Starlink, SOC, COPM.

**B2C СЕГМЕНТІНДЕ ТАРАЛУДЫ КЕҢЕЙТУ:**
- Интернет және OTT TV қызметтеріне қосылудың өсуі.
- Қызметтер көрсету және тұтынушыларды қолдау сапасын арттыру, тұтынушылардың қанағаттануы деңгейіне (CSI) жету – 4,5 балл.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ШЕШІМДЕР:**
- ЖИ пилоттарынан ТТК, ҚТЖ, ҚМА-да және т.б. енгізуге және тираждауға көшу.
- ТЖ үшін Foundation ЖИ моделін құру.
- ТЖ ЖИ-шешімдерді шетелде масштабтау.
- ТТК және нарық үшін ДӨО салу.
- ТТК базасында мобильді оператор құру.

**«Транстелеком» АҚ бизнес, мемлекет және қоғам үшін икемді және жоғары технологиялық шешімдер ұсынатын ұлттық цифрлық провайдерге айналуын жалғастыруда.**

«Транстелеком» АҚ

# ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

**2025 ЖЫЛЫ «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТІП, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН САҚТАДЫ**



013 Компанияның цифрлық көрсеткіштері
013 Негізгі индикаторлар
014 Компанияның негізгі көрсеткіштерін есептеу

# КОМПАНИЯНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

22%
EBITDA MARGIN

-185
МЛН ТЕҢГЕ
ТАЗА ЗАЛАЛ

19 107
МЛН ТЕҢГЕ
EBITDA

47 762
МЛН ТЕҢГЕ
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

88 140
МЛН ТЕҢГЕ
КІРІСТЕР

74 046
МЛН ТЕҢГЕ
ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

87 971
МЛН ТЕҢГЕ
ТҮСІМ

7 177
МЛН ТЕҢГЕ
ЖАЛПЫ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

# НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАР

| | Өлш. бірл. | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық көрсеткіштер** | | | | | | |
| Негізгі қызметтен түсетін кірістер | млн теңге | 84 615 | 81 663 | 78 934 | 88 968 | **88 140** |
| Таза пайда | млн теңге | 4 823 | (11 129) | 10 719 | 18 345 | **(185)** |
| EBITDA | млн теңге | 35 295 | 20 643 | 18 597 | 22 039 | **19 107** |
| EBITDA margin | % | 42% | 25% | 24% | 25% | **22%** |
| ROACE | % | 13% | 7% | 6% | 9% | **8%** |
| Өзіндік құн | млн теңге | 58 429 | 67 344 | 67 707 | 69 436 | **74 046** |
| ОАР | млн теңге | 7 341 | 8 018 | 6 492 | 11 044 | **7 177** |
| Күрделі салымдар | млн теңге | 22 172 | 11 111 | 20 057 | 37 409 | **21 930** |
| **Тиімділік көрсеткіштері** | | | | | | |
| ROIC (инвестицияланған Капиталға қайтару) | % | 12% | 10% | 5% | 7% | **6%** |
| Активтер, барлығы | млн теңге | 198 690 | 220 037 | 190 161 | 124 297 | **124 057** |
| Міндеттемелер | млн теңге | 162 824 | 195 271 | 154 592 | 70 507 | **76 295** |
| Меншікті капитал | млн теңге | 35 866 | 24 767 | 35 568 | 53 790 | **47 762** |

# КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ

| | 31.12.2021 | 31.12.2022 | 31.12.2023 | 31.12.2024 | 31.12.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтімділік** | | | | | |
| **Абсолютті өтімділік коэффициенті** | 0,14 | 0,11 | 0,06 | 0,48 | **0,16** |
| **Мерзімді өтімділік коэффициенті** | 0,77 | 0,37 | 0,33 | 1,7 | **1,20** |
| **Ағымдағы өтімділік коэффициенті** | 0,82 | 0,41 | 0,39 | 1,77 | **1,26** |
| **Пайдалылық және табыстылық** | | | | | |
| **Таза пайда бойынша активтердің табыстылығы (ROA)** | 2,4% | -5,1% | 5,6% | 14,8% | **-0,1%** |
| **Таза пайда бойынша капиталдың табыстылығы (ROE)** | 13,4% | -44,9% | 30,1% | 34,1 | **-0,4%** |
| **Сатылымның табыстылығы (ROS)** | 5,7% | -13,6% | 13,6% | 20,7% | **-0,2%** |
| **Таза пайда, мың теңге** | 4 823 149 | -11 128 752 | 10 719 155 | 18 345 078 | **-185 492** |
| **Капитал** | | | | | |
| **Капитал көлемі, мың теңге** | 35 866 067 | 24 766 655 | 35 568 860 | 53 789 768 | **47 762 144** |
| **Капитал жеткіліктілігі коэффициенті** | 0,18 | 0,11 | 0,19 | 0,43 | **0,39** |
| **Борыш жүктемесі** | | | | | |
| **Ұзақ мерзімді кредит пен қарыз, мың теңге** | 48 185 799 | 17 559 725 | 22 286 506 | 31 467 090 | **30 967 102** |
| **Қысқа мерзімді кредит пен қарыз, мың теңге** | 10 571 068 | 44 570 449 | 2 157 832 | 805 336 | **3 882 894** |
| **Борыш / түсім** | 0,70 | 0,76 | 0,31 | 0,36 | **0,40** |
| **Борыш / EBITDA** | 1,66 | 3,01 | 1,31 | 1,46 | **1,82** |
| **Борыш / капитал** | 1,64 | 2,51 | 0,69 | 0,60 | **0,73** |

**2025 жылы «Транстелеком» АҚ тұрақты қаржылық нәтижелер көрсетіп, операциялық тиімділігін сақтады. Қызмет көрсетуден түскен табыс 88 140 млн теңге, EBITDA көрсеткіші – 19 107 млн теңге, ал EBITDA маржасы – 22 % құрады, бұл Компанияның операциялық табыстылығының деңгейін сипаттайды. Іске қосылған капиталдың табыстылығы (ROACE) 8% құрады, бұл операциялық қызметте капиталды пайдаланудың тиімділігін көрсетеді.**

Өткізілген қызметтердің өзіндік құны 74 046 млн теңге, операциялық әкімшілік шығыстар – 7 177 млн теңге құрады. Есепті жылдың қорытындысы бойынша Компания 185 млн теңге көлемінде таза шығынға ұшырады. Бұл ретте борыш жүктемесінің көрсеткіштері қолайлы деңгейде қалып отыр: борыштың түсімге қатынасы – 0,40, борыштың EBITDA-ға қатынасы – 1,82, ал борыштың меншікті капиталға қатынасы – 0,73 құрады, бұл капитал құрылымы теңдестірілгенін және борыш жүктемесінің деңгейі бақылануын көрсетеді.

Аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ таза пайдасы 1 406 314 мың теңге құрады, ал Топ 185 492 мың теңге мөлшерінде таза шығынға ұшырады. Бұл айырмашылықтың себебі негізінен келесі факторлар:

- «Railverse» ЖШС-ның сатып алған активтері мен міндеттемелерін әділ құны бойынша бағалау нәтижесінде бизнесті сатып алу және оларды кейіннен ХҚЕС талаптарына сәйкес шоғырландыру кезінде 2025 жылы 1 269 454 мың теңге жиынтық мөлшерінде еншілес ұйымның материалдық емес активтер мен негізгі құралдар бойынша амортизациялық шығыстары танылды. Бұл шығыстар Топтың өзіндік құнының артуына және, сәйкесінше, оның қаржылық нәтижесіне айтарлықтай әсер етті,
- 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Railverse» ЖШС 335 677 мың теңге мөлшерінде таза шығынға ұшырады, бұл да Топтың шоғырландырылған қаржылық нәтижесіне теріс әсерін тигізді.

«Транстелеком» АҚ

# 3 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

**«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ IT-ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕҢ АЯСЫН ҰСЫНАДЫ**




016 Компанияның қызметтері
016 IT-аутсорсинг
017 Бөлшек бизнесті дамыту (B2C)
018 Операторлық бизнесті дамыту (B2O)
019 Темір жол саласындағы бизнесті дамыту (B2KTZH)
020 Өңірлік бизнесті дамыту (B2R)
020 «Интеллектуалдық шешімдер» бағытын дамыту
021 Бұлттық бизнесті және бұлттық шешімдерді дамыту
021 Спутниктік байланысты дамыту
022 Автомобиль жолдары бойында телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту
022 AIQYN жобасы: мектептерді цифрлық жаңғырту

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

«Транстелеком» АҚ бүкіл Қазақстан аумағында телекоммуникациялық және IT-қызметтердің кең аясын ұсынады.

### КЛИЕНТТІК СЕРВИСТЕР

- **Байланыс орталығы –** Тапсырыс берушінің мүддесі үшін телефон, WhatsApp, Telegram чат арқылы өтініштерді өңдеу.
- **Интерактивті ТД (ТТС TV) –** OTT, CDN, мобильді және Smart TV-қолданбаларды қолдайтын масштабталатын платформа.

### БҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚШЕШІМДЕР

- Серверлер мен желілерді басқару мүмкіндігі бар виртуалды ақпарат орталығын құру.
- **Электрондық мұрағат –** цифрлық құжаттарды сақтау және іздеу.
- **ДӨО-ға орналастыру –** серверлік қуаттарды қуат көзімен және байланыс арнасымен қоса жалдау.
- **Бейнеконференции –** ұйымдастыру және техникалық қолдау.
- **Қашықтан оқыту (ҚБТЖ) БЖ** және жабдықтарымен қоса толық аяқталған платформаларды ендіру.

### IT-ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

- **Service-desk –** пайдаланушыларды техникалық қолдау.
- **ITSM-платформа –** IT-процестерді басқару.
- **Жұмыс орындарының аутсорсингі –** компьютерлерге, бағдарламалық жасақтамаға және периферияға қызмет көрсету.
- **Желіні қолдау –** желілік жабдықтарды орнату және оларға техникалық қызмет көрсету.
- **АТ-инфрақұрылымды техникалық қолдау –** сервер, ДСЖ, UPS, кондиционерлерді техникалық қолдау.

### АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

- **ISMS –** корпоративтік деректерді қорғау және қауіпсіздікті басқару.
- **АҚ-консалтинг –** кемелдік аудиті, дамуды жоспарлау және қауіп-қатерге қарсы тұру.
- **ЖІІЖ (Жедел іздестіру іс-шараларының жүйесі) –** клиенттер мен операторларды жедел бақылау жүйесіне қосу.

### ЖҮЙЕЛІК ШЕШІМДЕР МЕН ЖОБАЛАР

- **SAP –** SAP ERP, HCM, BW, BO, CRM, HANA, S/4 HANA енгізу және сүйемелдеу.
- **Жобаларды іске асыру –** кез келген күрделіліктегі жаңа қызметтер мен шешімдерді енгізуді басқару.

### ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

- **Қалааралық/халықаралық байланыс –** аймақтар мен елдер арасындағы телефония.
- **SIP-телефония –** IP-желілер арқылы сөйлеу сигналын беру.
- **SIP-транк –** қажетті нөмірлер санымен цифрлық телефонияны қосу.
- **Телеграф байланысы –** заңды күші бар құжатталған хабарламаларды беру қызметін көрсету.
- **IPTV/OTT –** теледидар.
- **FMC B2C –** мобильді байланыс.

### ИНТЕРНЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

- **ADSL –** телефон желісі арқылы интернет, дауыстық байланыспен бір уақытта.
- **FTTB/FTTX/GPON –** ғимаратқа немесе пәтерге дейін оптикалық талшық арқылы қолжетімділік.
- **Ethernet –** 100 Гбит/с дейінгі жоғары жылдамдықты интернет.

### КОРПОРАТИВТІК БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫ

- **VPN/IP/MPLS –** филиалдар мен ҚР аумағындағы және шетелдегі серіктестерге арналған қорғалған желілер.
- **«Нүкте–нүкте» цифрлық арналары –** кеңселер арасында деректер беру.
- **Спутниктік арналар –** шалғай аймақтардағы спутник негізіндегі байланыс.
- **Операторларды қосу –** ТТС инфра-құрылымына бөгде желілерді қосу.

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАР

- **Халықаралық транзит –** трафикті магистральдық ТОБЖ (24 000 км-ден аса) арқылы беру.
- **Пиринг –** BGP бойынша операторлар арасында трафик пен маршруттауды бөлісу.

# IT-АУТСОРСИНГ

«Транстелеком» АҚ IT-аутсорсинг бағытын – бөгде ұйымдар үшін IT-жүйелерді жобалау, пайдалану және қолдауды дамытуда.

Компания АКТ-инфрақұрылымды ендіру мен дамытудан бастап қолдауға дейінгі қызметтердің толық циклін ұсынады. Міндеттерді бірыңғай оператор шеңберінде орталықтандыру сервистің жоғары сапасын, тұрақтылығын және экономикалық тиімділігін, әсіресе ірі тапсырыс берушілер үшін, қамтамасыз етеді.

# БӨЛШЕК БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ (B2C)

B2C сегменті әлемдегі жетекші телекоммуникациялық компаниялар үшін басымды даму бағыттарының бірі болып табылады. Бөлшек бизнесті дамыту тұрақты рекуррентік кірісті қамтамасыз ете отырып, негізгі өсу драйверлерінің бірі болып қалуда. 2025 жылы сегменттің түсімі 2024 жылмен салыстырғанда 19%-ға артты, ал серіктестік желі арқылы жасалған шарттардың саны 26%-ға өсті.

**2025 жылы Қоғам «FMC B2C» (Fixed Mobile Convergence) пилоттық жобасын іске асырды, ол 2025 жылдың 1 мамырында іске қосылған болатын. Жобаның тұжырымдамасы бойынша «Транстелеком» АҚ-тың тіркелген қызметтері мен МТ-С ұялы байланыс қызметтері біріктіріліп, бүкіл қызметтер топтамасы үшін бірыңғай абоненттік төлем жасалатын конвергентті өнім құру көзделген.**

**Жобаны енгізудің негізгі мақсаттары:**

- кешенді ұсыныс қалыптастыру есебінен клиенттік базаны ұлғайту;
- «Транстелеком» АҚ өнімдерінің желісін кеңейту;
- үздік жергілікті және халықаралық тәжірибелерге сәйкес келетін конвергентті шешімдерді енгізу есебінен телекоммуникациялық қызметтер нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Жоба іске қосылған сәттен бастап B2C сегментінде оң динамика байқалуда: ұялы байланыс қызметтерін конвергентті өнім құрамында қосқан абоненттер санының өсуі тіркелді.

OTT TV сервисін дамыту бойынша 2025 жылы Android, iOS негізіндегі құрылғыларға, сондай-ақ Smart TV платформаларына арналған TTS TV мобильді қолданбасы жаңартылды. Эксклюзивті фильмдер мен ойын-сауық контентін көруге мүмкіндік беретін Qazaqsha және Qazaqfilm онлайн-кинотеатрларының контенттік қоржыны қосымша кеңейтілді.

**2025 жылы бөлшек бизнесті дамыту шеңберінде телекоммуникациялық қызметтер нарығында клиенттермен өзара ықпалдасу тиімділігін арттыруға бағытталған бизнес-процестерді оңтайландыру және трансформациялау бойынша бірқатар іс-шаралар іске асырылды. Атап айтқанда:**

- Қоғамның серіктестермен (дилерлермен, инвесторлармен және құрылыс салушылармен) өзара іс-қимыл процестері біріздендірілді;
- ұсынылатын қызметтер мен сервистік қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша іс-шаралар, соның ішінде абоненттерді аралау, қоңырау шалу және олардың пікірін сұрау тұрақты негізде жүргізіледі;
- жеке тұлғалар үшін телекоммуникациялық қызметтер көрсету жөніндегі жария шарт біріздендірілді, сондай-ақ шарттың жекелеген ережелері өзектендірілді.

**2025 Ж. ТАБЫСТЫҢ 2024 Ж. САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ ӨСІМІ:**

- **+19% –** B2C сегментінде түсімнің өсуі
- **+20% –** интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін ұсынудан алынатын түсімнің өсуі
- **+10% –** OTT қызметтерін ұсынудан алынатын түсімнің өсуі

**B2C сегментінің кірісі 2025 жылы 6 841 млн теңге құрады.**

**СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ӨСІМІ:**


- **+29% –** түсімнің өсуі;
- **+11% –** белсенді абоненттік базаның өсуі.

**Жасалған шарттар бойынша B2C серіктестерінің өсімі + 26% құрады.**

**B2C КІРІСТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ**




**OTT ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША КІРІСТЕР ДИНАМИКАСЫ**



# ОПЕРАТОРЛЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ (B2O)

«Транстелеком» АҚ Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де серіктестерге телекоммуникациялық қызметтер көрсете отырып, халықаралық операторлық бизнесті дәйекті түрде дамытуда. Компания жетекші халықаралық байланыс операторларымен ынтымақтасып, деректер беруге, трафик транзиттеуге және әртүрлі деңгейдегі желілерге қосылуға арналған сенімді инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

**Бұл бағыттың мақсаты клиенттердің бизнесін дамытуға ықпал ететін және жаһандық цифрлық нарықтың талаптарына жауап беретін заманауи технологиялық шешімдер ұсыну болып табылады.**

## Халықаралық орналасу және транзиттік бизнесті дамыту

**2025 жылы «Транстелеком» АҚ Қытай, Орталық Азия, Еуропа және Ресейдің жетекші байланыс операторларымен ынтымақтастықты дамыта отырып, халықаралық телекоммуникация нарығындағы позициясын нығайтуын жалғастырды.**

Компанияның негізгі инфрақұрылымдық артықшылығы – «Транстелеком» АҚ-тың Алматыдағы деректер орталығында Қытайдың үш ірі байланыс операторының PoP-тораптарын орналастырылуы, сондай-ақ Гонконгта Азия мен Еуропа арасында халықаралық байланыс арналарын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін өзінің PoP-торабының болуы.

Есепті кезең ішінде «Транстелеком» АҚ Starlink-пен ынтымақтастықты кеңейтіп, халықаралық көлік инфрақұрылымын және тапсырыс берушінің желілік объектілерінің Қазақстанда және халықаралық бағыттардағы байланыстылығын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, «Транстелеком» АҚ-тың Алматыдағы алаңында өзінің PoP-торабын орналастырған British Telecom Global Services Ltd. компаниясымен стратегиялық серіктестік жалғастырылды.

**Осы жобаларды іске асыру «Транстелеком» АҚ-тың аймақтық телекоммуникациялық хаб ретіндегі мәртебесін нығайтуға және компанияның халықаралық транзиттік әлеуетін дамытуға ықпал етеді.**

## Халықаралық форумдар мен конференцияларға қатысу

**MOBILE WORLD CONGRESS SHANGHAI 2025 (ШАНХАЙ, ҚХР)**
China Telecom Global, China Mobile International және China Unicom компанияларымен халықаралық трафикті және бірлескен жобаларды дамыту жөнінде келіссөздер жүргізілді.

**IWTC 2025 (ТАШКЕНТ, ӨЗБЕКСТАН)**
Форум аясында «Өзбектелеком» АҚ және Қырғызстан мен Ресей операторларымен серіктестік пен жаңа сервистерді дамыту мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

**TURKMENTEL 2025 (АШХАБАД, ТҮРІКМЕНСТАН)**
Форумда Қазақстан мен Түрікменстан арасында желілік өзара ықпалдасуды дамыту жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді.

## Қазақстанның ішкі нарығы

- Еліміздің түрлі аймақтарында интернет-арналар мен VPN-байланыстарды ұйымдастыру бойынша жобалар іске асырылды;
- Алматы метрополитенінің станцияларында «Кселл» АҚ, Tele2 және Beeline мобильді операторларын қосу аяқталды, бұл мобильді байланыстың сапасын арттыруға және желінің өткізу қабілетін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

# ТЕМІР ЖОЛ САЛАСЫНДАҒЫ БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ (B2KTZH)

B2KTZH сегменті ең жаңа технологияларды, кешенді шешімдер мен жеке тәсілді қолдана отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мұқтаждықтары үшін бірыңғай цифрлық платформа құруға бағытталған.

**2025 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1055/ктж/қпү қаулысы (бұдан әрі – ҚРҮҚ) қабылданып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты цифрландырудың 10 басым бағыты айқындалды. Бұл бағыттар өзара байланысты және компанияны цифрлық трансформациялаудың бірыңғай контурын құрады. ҚРҮҚ-да көзделген міндеттерді іске асыру шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін инновациялық шешімдерді жүйелік беруші және біріктіруші бола отырып, «Транстелеком» АҚ темір жол көлігінің тиімділігін, қауіпсіздігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жобаларды іске асырады. Озық технологиялық шешімдерді енгізуге Қоғам цифрлық трансформация, жасанды интеллект және темір жол технологиялары саласында расталған сараптамасы бар жетекші халықаралық және салалық ұйымдарды тартады.**

**B2KTZH НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ:**
- Телекоммуникациялар, ТОБЖ.
- ЭДТ АБЖ, ЖТБ.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылғыларын қолдау.
- Ақпараттық қауіпсіздік (АҚБЖ).
- ЖЕЖ жаңғырту (Wi-Fi)

**B2KTZH ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ:**
- Автоматика, телемеханика.
- Байланыс, радиобайланыс.
- Қауіпсіздік және қуат көзі жүйелері.
- Ақпараттық жүйелер.

**2025 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР:**
- «ҚТЖ» ҰК»АҚ пайдаланушыларының корпоративтік және технологиялық сегменттері үшін ЖИ-сервистер әзірлеу.

## Транзиттік және операторлық бизнесті дамыту

**«Транстелеком» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың негізгі цифрлық серіктесі болып табылады және темір жол саласының инфрақұрылымына озық телекоммуникациялық және IT-шешімдерді белсенді түрде енгізуде.**

**ЖТБ ЖӘНЕ SD-WAN**
- Алматыда Пойыздар қозғалысын басқарудың аймақтық орталығында (ПБАО) жедел-технологиялық байланыс (ЖТБ) ұйымдастырылды.
- ДБЖ (SD-WAN) жаңғыртылған арналарды жалға беру қызметі енгізілді: аса маңызды жүйелерге қолжетімділік, шығындарды азайту және орталықтандырылған мониторинг.

**ЭДТ АБЖ**
- 10 жылдан астам уақыт бойы ТТС локомотивтерде «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесін енгізіп келеді: отынды, маршруттарды, жұмыс режимдерін және машинистердің уақытын есепке алу.

**E-TELEGRAM**
- E-Telegram жүйесі іске қосылды – «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық тобының жеделхаттарын өңдеуге және басқаруға арналған цифрлық платформа.
- Пилоттар жүргізілді, тәжірибелік пайдалану аяқталды, өнеркәсіптік енгізуге көшу дайындалды.

**ОРТАЛЫҚТАНДЫРУДЫ ЖӘНЕ АВТОБҰҒАТТАУДЫ ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУ**
- Пойыз қозғалысын басқарудың ескірген жүйелерін жаңғыртуға және оларды кезең кезеңмен локализациялауға дайындық жүргізілуде.
- Өткізу қабілеттілігін арттыру және ҚР аумағында өндіру есебінен шығындарды азайту жоспарлануда.

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАС КЕҢСЕСІНДЕ WI-FI ЖЕЛІСІН ЖАҢАРТУ**

ҚР-да алғаш рет WPA 3 қауіпсіздік хаттамасы бар Wi-Fi 6 (802.11ax) енгізілді. Бұл хаттамада аутентификацияны анағұрлым сенімді ететін және криптографиялық төзімділікті арттыратын жаңа тәсілдер қолданылған. Бұған қоса қорғалу деңгейі түбегейлі жоғарылатылды.
- 6 000 пайдаланушыға арналған қамту аймағы кеңейтілген және қорғанысы күшейтілген сымсыз желі құрылды.

## 2026 жылғы даму перспективалары

**B2KTZH сегменті теміржол саласы үшін кешенді цифрлық және телекоммуникациялық шешімдер құруға және енгізуге бағытталған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындау мақсатында және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты цифрлық трансформациялау бағдарламасының шеңберінде Компания теміржол желісінің қауіпсіздігін, тиімділігін және өткізу қабілетін арттыруға бағытталған перспективалы жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.**

Дамудың негізгі бағыттары – LTE-R технологиялық радиобайланыс цифрлық желісін салу, локомотив кешенін, теміржол станциялары мен инфрақұрылым объектілерін цифрландыру, пойыз қозғалысын басқарудың заманауи жүйелерін енгізу, тасымалдау процесінің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру үшін тасымалдау процесін бірыңғай мониторингтеу орталығын құру және жасанды интеллект технологияларын қолдану.

# ӨҢІРЛІК БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ (B2R)

B2R «Транстелеком» АҚ-тың жалпы қаржылық нәтижелеріне елеулі үлес қосып, компанияның аймақтардағы позициясын күшейтті және аймақтық бизнес-модельдің тиімділігін растады.

## Ауылдарда байланыс қызметтерін көрсету және «ҰАТ» АҚ жобасын дамыту

**АУЫЛДАРДЫ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСУ (АЕМ)**

Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (МЖӘ) және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Транстелеком» АҚ «SilkNetCom» ЖШС-мен бірлесіп ұзындығы 5,6 мың шақырым желіні пайдалануды жүзеге асыруда. 2025 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша 471 ауылдық елді мекен Интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамасыз етілді.

**«ҰАТ» АҚ-ПЕН ЖОБА**

«ҰАТ» АҚ компанияның стратегиялық серіктесі болып қалды. 2025 жылы: IP VPN арналарының қосылу нүктелерінің саны көбейтілді.

**ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ IT-ИНФРАҚҰРЫЛЫМ**

- Мектептердегі және МАИ нысандарындағы бейнебақылау және ҚББЖ жүйелері.
- Өрт және күзет дабылы жүйелеріне қызмет көрсету.
- ТОБЖ құрылысы, жарықтандыруды монтаждау.
- Бейнеконференция, IT-инфрақұрылым сервисі, helpdesk.
- Ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету және сервистік басып шығару.
- Жобалау, ТОБЖ шығару.
- Мектеп көлігі мен қызметтік көлікті GPS-мониторингтеу.
- Модульдік құтқару ғимараттары.

/ **Е-КЕЗЕКШІ ЖОБАСЫ**
/ **ШЫМКЕНТ Қ. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ AIKYN ЖОБАСЫ**
/ **МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ПД ҮШІН БЕЙНЕБАҚЫЛАУ**
/ **ИМАНТАУ ЖӘНЕ ШАЛҚАР КӨЛДЕРІНДЕГІ МОДУЛЬДІК ҚҰТҚАРУ СТАНЦИЯЛАРЫ**
/ **ПАВЛОДАР Қ. АҚЫЛДЫ АЯЛДАМАЛАР**
/ **АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ПД ҮШІН ТОБЖ САЛУ**

# «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ШЕШІМДЕР» БАҒЫТЫН ДАМЫТУ

**2025 жыл ішінде «Интеллектуалдық шешімдер» бағытының қызметі «ҚТЖ» ҰК» АҚ мұқтаждықтары үшін жасанды интеллект технологиялары негізінде шешімдер әзірлеп, дамытуға бағытталды. Жүргізілген жұмыстардың негізгі мақсаты бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға, ақпарат өңдеуді автоматтандыруға және басқару шешімдерін қабылдауды қолдауға ықпал ететін заманауи цифрлық құралдарды енгізу болды.**

**ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ МЫНАДАЙ БАСТАМАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ:**

**1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ нормативтік құжаттарын іздеу және талдау ЖИ-көмекшісі.**

Компанияның нормативтік құжаттамасын интеллектуалдық іздеуді және талдауды қамтамасыз ететін цифрлық ассистент әзірленді. Шешім қажетті ақпаратты жедел табуға, пайдаланушылардың сұрауларына ішкі нормативтік құжаттар негізінде жауап қалыптастыруға және қызметкерлердің ақпаратты іздеуге және өңдеуге кететін уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

**2. Жасырын транзиттерді талдау жүйесі.**

Жасырын болуы ықтимал транзиттерді тасымалдау процесінің деректерін өңдеу және салыстыру негізінде анықтауға және талдауға арналған шешім әзірленді. Жүйе тасымалдаудың айқындығын арттыруға және ықтимал ауытқуларды анықтап, тиісті басқару шешімдерін қабылдау үшін аналитикалық құралдар ұсынуға бағытталған.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша бұл жоба одан әрі қарай практикалық дамытылды. Жоба бойынша 2026 жылы жұмыстарды орындау жөнінде шарт жасалып, қазіргі уақытта осы шарттың шеңберінде жүйенің функционалдық мүмкіндіктері одан әрі қарай іске асырылуда және дамытылуда.

**3. «ЖИ Рекрутинг» жобасы.**

Персонал іріктеу процестерін автоматтандыру үшін жасанды интеллект технологиялары негізінде шешім әзірленді. Жобада кандидаттардың түйіндемелерін талдау, олардың құзыреттерін бос жұмыс орындарының талаптарымен салыстыру, сондай-ақ персонал іріктеу мамандары үшін ұсынымдар қалыптастыру көзделген. Жобаны іске асыру рекрутинг процестерінің сапасы мен жылдамдығын арттыруға бағытталған.

**Жалпы алғанда, 2025 жылы «Интеллектуалдық шешімдер» бағыты «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін жасанды интеллект саласында бірқатар перспективалы бастамалар әзірленуін қамтамасыз етті. Алынған нәтижелер Компанияның қолданбалы мәселелерін шешу үшін жасанды интеллект технологияларын қолданудың әлеуетін растады және цифрлық шешімдерді одан әрі дамыту мен масштабтау үшін негіз жасады.**

Интеллектуалдық жүйелерді дамыту жұмысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты цифрлық трансформациялау міндеттерін іске асыру шеңберінде жалғастырылатын болады.

# БҰЛТТЫҚ БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ БҰЛТТЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ДАМЫТУ

B2Cloud бойынша негізгі көрсетілетін қызметтерге инфрақұрылымды сервис ретінде ұсыну (IaaS) және Colocation қызметтерін көрсету кіреді.

**IaaS шеңберінде клиенттерге виртуалды есептеу ресурстары, деректерді сақтау жүйелері және икемді масштабтау мүмкіндігі бар желілік қызметтер қолжетімді.**

Colocation қызметін көрсетуде клиенттердің серверлік және телекоммуникациялық жабдықтарын деректер орталығында электрмен үздіксіз жабдықтауды, климаттық бақылауды, физикалық қауіпсіздікті және желілік инфрақұрылымға жоғары жылдамдықпен қосылуды қамтамасыз ете отырып, орналастыру көзделген.

2026 жылға арналған жоспарларда бұлттық инфрақұрылым мен жасанды интеллект сервистерін біртұтас экожүйеге біріктіретін Cloud+AI платформасын құрып, дамыту көзделген. Платформа клиенттерге есептеу ресурстарына, машиналық оқыту құралдарына, генеративті ЖИ-ге, деректерді өңдеуге және аналитикалық сервистерге «as a Service» моделі бойынша қол жеткізуге мүмкіндік береді. Негізгі мақсат – цифрлық қызметтер қоржынын кеңейту, компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және AI-бағытталған шешімдер есебінен жаңа кіріс көздерін құру.

# СПУТНИКТІК БАЙЛАНЫСТЫ ДАМЫТУ

2025 жылы «Транстелеком» АҚ спутниктік телекоммуникация сегментіндегі позициясын едәуір нығайтты.

**Қоғам Starlink-тің ресми серіктесі мәртебесіне ие болды. Бұл серіктестік Қазақстан аумағында Starlink негізіндегі спутниктік шешімдерді енгізу мүмкіндігін береді.**

300-ден астам ауылдық елді мекен Интернетке, Интернетке кірудің бірыңғай шлюзі (ЕШД) мен Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына (ЕТС ГО) қосылды. «Транстелеком» АҚ ұсынатын Starlink спутниктік интернет сервисінің клиенттері –«Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «PetroRetail» ЖШС және Қазақстанның 100-ден аса басқа да компаниялары.

Азияда алғаш рет L2VPN қызметі әзірленіп, Қоғамның инфрақұрылымы арқылы коммерциялық іске қосылды.

Әлемде алғаш рет болып Қоғам Қазақстанда және аймақта жеке тұлғалар үшін Starlink қызметтерін коммерциялық сатуға лицензия алды.

Осымен қатар Қазақстанда Starlink трафигін локализациялау үшін базалық инфрақұрылым жасалды: SpaceX жерүсті станциясы мен PoP-торабы қосылды, олар трафиктің «Транстелеком» АҚ желісі арқылы беріліп, сосын халықаралық байланыс арналарына шығарылуын қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, AEM 2.0 жобасы шеңберінде 592 құрылғы қосылды, бұл шалғайдағы елді мекендер мен жерүсті телекоммуникациялық инфрақұрылымға қолжетімділігі жоқ немесе қолжетімділігі шектеулі объектілерді заманауи байланыс қызметтерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

**Іске асырылған жобалар спутниктік сервистерді одан әрі дамытуға және Қазақстанда цифрлық қолжетімділікті кеңейтуге негіз жасайды.**



# ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БОЙЫНДА**

2025 жылы Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен «Транстелеком» АҚ еліміздің автомобиль жолдарының бойында телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөнінде инвестициялық келісім жасасты.

**Жоба «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылуда және «ақтаңдақтарды» – ұялы байланыспен қамтылмаған немесе тұрақсыз қамтылған автомобиль жолдарының учаскелерін жоюға бағытталған.**

Жоба бойынша республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 500-ден аса жаңа антенналық-діңгекті құрылыстар мен базалық мобильдік байланыс станцияларын салу көзделген. Жобаны іске асыру бюджеттік қаржыландыру тартылмай жүзеге асырылады. Мемлекет тарапынан жиілік ресурстарын, салықтық преференциялар беру мен инвестициялық жағдайлардың тұрақтылығын кепілдендіру көзделген.

**Жасалатын инфрақұрылымды тиімді пайдалану үшін «Транстелеком» АҚ оған бірлесіп пайдалану (Шеринг) шарттарымен мобильді байланыс операторларының тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру мобильді байланыспен қамтуды кеңейтуге және елдің автомобиль жолдарында интернеттің қолжетімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.**

# AIQYN ЖОБАСЫ: МЕКТЕПТЕРДІ ЦИФРЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ

2025 жылдың маңызды оқиғаларының бірі «Транстелеком» АҚ-тың Шымкент мектептерінің АТ-инфрақұрылымын кешенді жаңғыртуға бағытталған AIQYN жобасын ұсынуы болды.

**Жоба Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтың қатысуымен ұсынылды.**

AIQYN жобасы автоматтандырылған жұмыс орындарын енгізуді, құрылымдалған кабельдік жүйелер құруды, заманауи бейнебақылау және талдау жүйелерін орнатуды, сондай-ақ қала мектептерін Интернет желісіне жоғары жылдамдықты қолжетімділікпен қамтамасыз етумен қоса, білім беру мекемелерінің цифрлық инфрақұрылымын кешенді жаңартуды көздейді.

**Жобаны іске асыру оқушылар мен педагогтар үшін заманауи, қауіпсіз және технологиялық білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал жасауды мақсат етеді. AIQYN сонымен қатар білім беру мекемелерінің цифрлық инфрақұрылымын одан әрі дамыту және тиісті шешімдерді Қазақстанның басқа өңірлерінде масштабтау үшін негіз жасайды.**

«Транстелеком» АҚ

# 4 ОРНЫҚТЫ ДАМУ

**ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫН ӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІКТІРЕ ОТЫРЫП, «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ БІРІККЕН 17 ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН (ОДМ) ҰСТАНАДЫ**




025 Кадрлық саясат
032 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (ЕҚЕҚ)
033 Қоршаған ортаны қорғау
034 Сатып алу қызметі

Орнықты даму қағидаттарын өз қызметіне кіріктіре отырып, «Транстелеком» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының 17 орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) ұстанады. Компания ОДМ-да көрсетілген экологиялық және әлеуметтік сын-қатерлердің маңыздылығын мойындайды және оларды өз қызметін жүзеге асыру кезінде ескереді.

**Қоғамның орнықты даму саясаты бизнесті жауапкершілікпен жүргізу, инновациялық даму және ұзақ мерзімді құндылық құруға бағдарлану қағидаттарына негізделген. Бұл тәсіл орнықты экономикалық өсуге, экологиялық тиімділік пен әлеуметтік әл-ауқаттың артуына ықпал етеді.**

## «Транстелеком» АҚ мыналарға күш жұмылдырады:

- таралу аймақтарындағы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;
- инновациялық технологияларды енгізу есебінен қызмет көрсету сапасын жоғарылату;
- әлеуметтік бағдарламалар мен білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- қызметтің айқындығын және мүдделі тараптар алдында есептілікті қамтамасыз ету.

**КОМПАНИЯ ӨЗІНЕ АЛҒАН ҚАҒИДАТТАР:**

1. **Адам құқықтары:**
- Халықаралық қауымдастық жариялаған адам құқықтарын қолдау және құрметтеу.
- Оларды бұзуға кез келген түрде қатысуды болдырмау.

2. **Еңбек қатынастары:**
- Қауымдастықтар бостандығы мен ұжымдық келіссөздер құқығын қолдау.
- Мәжбүрлі еңбек пен балалар еңбегінің кез-келген түріне қарсы тұру.
- Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою.

3. **Қоршаған ортаны қорғау:**
- Қоршаған ортаға жағымсыз әсерді болдырмау.
- Экология үшін жауапкершілікті жоғарылату.
- Экологиялық таза технологияларды енгізу және тарату.

4. **Сыбайлас жемқорлықпен күрес:**
- Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұру.

**«Транстелеком» АҚ-та орнықты даму – стратегияның ажырамас бөлігі. Телекоммуникация секторының негізі ретінде ақпараттық технологиялар компанияның операциялық қызметіне терең кіріктірілген және өсудің маңызды драйвері болып табылады.**

Компания заманауи цифрлық шешімдер мен өз командасының кәсіби құзыреттерін пайдалана отырып, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жүйелі түрде жұмыс істеп келеді.

**Орнықты даму стратегиясын іске асыру үшін жауапкершілік:**
- **Директорлар кеңесі –** стратегиялық бағыттарды белгілейді және жылдық есепті бекітеді.
- **Басқарма Төрағасы және басқарушы директорлар –** даму стратегиясы мен жоспары іске асырылуын, орнықты даму қағидаттары енгізілуін, сондай-ақ ақпараттың сенімді ашып көрсетілуін қамтамасыз етеді.
- **Басқарма Төрағасы –** корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, сондай-ақ мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл үшін дербес жауап береді.



# КАДРЛЫҚ САЯСАТ

«Транстелеком» АҚ бүкіл HR-процестердің негізінде жатқан базалық құндылықтарға сүйене отырып, персоналды басқару мен корпоративтік мәдениеттің тиімді жүйесін дәйекті түрде құруда:

**Құрмет –** клиенттердің, серіктестердің және тіпті бәсекелестердің де құндылықтары мен мақсаттарын мойындау; диалог үшін ашық болу, есті білу және корпоративтік этика шеңберінде мүдделер тепе-теңдігін таба білу.

**Үздіксіз жетілдіру –** қызмет көрсету сапасы, қызметкерлерді дамыту, бизнес-процестерді және ұйымдық құрылымды оңтайландыру бойынша үнемі жұмыс істеу.

**Сенімділік –** тұрақты және әлеуметтік жауапты жұмыс беруші, сенімді серіктес және заңға бағынатын нарық ойыншысы беделін нығайту.

**2025 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ:**

**2 870**
**қызметкер –** жыл қорытындысы бойынша жалпы штат саны

**17,9**
**млрд теңге –** еңбекақы төлеу шығыстары

**706**
**млн теңге –** әлеуметтік шығыстар

**220**
**студент –** Қоғам базасында тәжірибеден өтті

**2021-2025 жылдар кезеңінде Қоғам персоналының саны ұйымдық құрылымды оңтайландырумен және бизнес-процестерді трансформациялаумен байланысты өзгерістерге ұшырады.**

Қызметкерлер саны 2021 жылғы 3 358 қызметкерден 2022 жылы 3 453 қызметкерге дейін өскеннен кейін келесі екі жылда – 2023 жылы 3197 қызметкерге дейін және 2024 жылы 2764 қызметкерге дейін азаю байқалды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша персонал саны 2 870 жұмыскерге дейін өсті, бұл кадрлар құрамының тұрақтанғанын және бизнестің қажеттіліктеріне сәйкес персонал саны біртіндеп қалпына келгенін көрсетеді.

Бұл ретте еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстар тұрақты өсу үрдісін көрсетеді: 2021 жылғы 11 955 млн теңгеден 2025 жылы 17 968 млн теңгеге дейін. Шығыстардың ұлғаюы Қоғамның жалақы деңгейін көтеру саясатын жүзеге асырумен, жалақыны индексеумен және персоналдың жалпы саны өзгеруіне қарамастан, жұмыскерлерге берілетін сыйақының бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз етумен байланысты.

### Персонал санының динамикасын талдау

| Атауы | Өлш. бірл. | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қызметкерлердің жалпы саны | адам | 3 358 | 3 453 | 3 197 | 2 764 | 2 870 |
| Еңбекақы төлеу шығыстары | млн теңге | 11 955 | 14 767 | 13 014 | 17 113 | 17 968 |

### Әйелдерге сыйақы берудің ер адамдарға сыйақы беруге қатынасы, персонал санаттары бойынша

| Атауы | Өлш. бірл. | 2025 |
|---|---|---|
| Қызметкерлердің жалпы саны | адам | 2 747 |
| Еңбекақы төлеу шығыстары | млн теңге | 17 968 |
| Әйелдерге сыйақы берудің ер адамдарға сыйақы беруге қатынасы, соның ішінде: | | |
| Басшылар | % | 14,4 |
| Мамандар/қызметшілер | % | 57,3 |

## Персонал құрамы

2025 жылдың аяғындағы жағдай бойынша Қоғам персоналының гендерлік құрылымында ерлер 64,6%, әйелдер 35,4% құрайды. Мұндай қатынас Қоғам қызметінің салалық ерекшелігімен байланысты, өйткені жұмыскерлердің едәуір бөлігі техникалық және өндірістік лауазымдарда жұмыс атқарады.

**ПЕРСОНАЛДЫҢ ГЕНДЕРЛІК ТОПТАР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ**

**35,4% –** әйелдер
**64,6% –** ерлер



## Персоналдың гендерлік топтар бойынша 2025 жылдың аяғындағы құрылымы

| | | Барлығы | Персонал санаты | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Басшылар | Мамандар/ қызметшілер | Жұмысшылар |
| **Тізімдік саны** | адам | **2 747** | 392 | 1 868 | 485 |
| | % | **100** | 14,3 | 68.0 | 17.7 |
| **оның ішінде:** | | | | | |
| **ерлер** | адам | **1 529** | 275 | 1 140 | 112 |
| | % | **55,7** | 10.0 | 41.6 | 4.1 |
| **әйелдер** | адам | **1 218** | 117 | 728 | 373 |
| | % | **44,3** | 4.3 | 26.5 | 13.5 |

## Персоналдың жасқа байланысты топтар бойынша құрамы

| | | Барлығы | Персонал санаты 2025 жыл | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Басшылар | Мамандар/ қызметшілер | Жұмысшылар |
| **Тізімдік саны** | адам | **2 747** | 392 | 1 868 | 485 |
| | % | **100** | 14,3 | 68.0 | 17.7 |
| **оның ішінде:** | | | | | |
| **34 жасқа дейін** | адам | **1 054** | 26 | 939 | 89 |
| | % | **38,4** | 1,0 | 34,2 | 3,2 |
| **35-44 жас** | адам | **828** | 189 | 527 | 112 |
| | % | **30,1** | 6,9 | 19,1 | 4,1 |
| **45 жастан бастап** | адам | **865** | 177 | 404 | 284 |
| | % | **31,5** | 6,4 | 14,7 | 10,4 |

## ПЕРСОНАЛДЫҢ ЖАСҚА БАЙЛАНЫСТЫ ТОПТАР БОЙЫНША ҚҰРАМЫ

**Қызметкерлердің орташа жасы – 38 жас. Компания персоналының жас шамасы бойынша теңгерімді құрылымын көреміз:**

- **34 жасқа дейін – 38,4%:** кадрлар резервінің қалыптасуы және жас мамандардың қосылуы.
- **35–44 жас – 30,1%:** басқарушылық әлеует және кәсіби кемелділік.
- **45 жастан бастап – 31,5%:** орнықтылық, сараптама және тәжірибе беру.


Қоғам жұмыскерлерінің орташа жасы – 38 жас, бұл персоналдың жас құрылымы теңгерімді екенін көрсетеді. Ең үлкен үлесті 34 жасқа дейінгі жұмыскерлер құрайды (38,4%), олар жас мамандар қосылуын және кадрлық әлеует қалыптасуын қамтамасыз етеді. 35-44 жас аралығындағы жұмыскерлердің үлесі 30,1% құрайды, бұл кәсіби құзыреттілігі мен басқару тәжірибесі жоғары деңгейдегі мамандар саны едәуір екенін көрсетеді. 45 және одан жоғары жастағы жұмысшылар 31,5% құрайды, олар білім сабақтастығын, сараптамалық құзыреттілік сақталуын және өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жас шамасының бұлай бөлінуі кадрлық әлеуетті дамыту мен жинақталған кәсіби тәжірибені сақтау арасындағы теңгерімді сақтауға ықпал етеді.

**2025 жылдың аяғындағы жағдай бойынша Қоғам қызметкерлерінің тізімдік саны 2 747 адам құрады. Персоналдың ең көп үлесін мамандар мен қызметшілер құрайды – 1 868 адам (68,0%), бұл Қоғам қызметінің бейініне сәйкес келеді және негізгі бизнес-процестердің іске асырылуын қамтамасыз ететін жұмыскерлердің жоғары үлес салмағын көрсетеді. Басқарушы құрам – 392 адам (14,3%), жұмысшылар – 485 адам (17,7%).**

Персоналдың санаттар бойынша жас құрылымы кадрлардың теңгерімді бөлінгенін көрсетеді. Мамандар мен қызметшілер арасында 34 жасқа дейінгі жұмыскерлер саны басым – 939 адам (персоналдың жалпы санының 34,2%-ы), бұл айтарлықтай кадрлық әлеует бар екенін және жас мамандар қосылып отырғанын сипаттайды. Басшылар санатында ең үлкен үлес 35-44 жастағы (189 адам) және 45 жастан асқан (177 адам) жұмыскерлерге тиесілі, бұл басқару тәжірибесі мен кәсіби құзыреттілік шоғырланғанының көрінісі. Жұмысшылар санатында 45 жастан асқан (284 адам) жұмысшылар басым, бұл қажетті өндірістік біліктілігі бар тәжірибелі жұмыскерлер үлесі жоғары екендігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, персоналдың лауазым санаттары мен жас топтары бойынша құрылымы жас мамандардың, кәсіби тәжірибесі бар жұмыскерлердің және жоғары деңгейдегі сарапшы қызметкерлердің оңтайлы үйлесімін қамтамасыз етіп отыр, бұл білім сабақтастығын сақтауға және Қоғамның кадрлық әлеуетінің орнықты дамуына ықпал етеді.

## Персоналдың аймақтар бойынша құрылымы




| Ұйымның атауы | Штат саны | Жалпы санының %-ы |
|---|---|---|
| Алматы | 295 | 10% |
| Астана | 287 | 10% |
| Қарағанды | 229 | 8% |
| Ақтөбе | 226 | 8% |
| Шымкент | 174 | 6% |
| Жамбыл | 164 | 6% |
| Қызылорда | 163 | 6% |
| Көкшетау | 131 | 5% |
| Қостанай | 124 | 4% |
| Атырау | 117 | 4% |
| Ақтау | 111 | 4% |
| Павлодар | 103 | 4% |
| Семей | 101 | 4% |
| Өскемен | 92 | 3% |

# Персоналдың тұрақтамауы және персонал жалдау

**2025 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның лауазымдық санаттарының көбісінде персоналдың тұрақтамауы төмендегені байқалды, бұл кадр құрамының тұрақтылығы мен іске асырылып жатқан HR-бастамалардың нәтижелілігі артқанын көрсетеді.**

Ең көп төмендеу топ-менеджмент арасында байқалды: 2024 жылғы 48,7%-ға дейін өсуден кейін 2025 жылы тұрақтамау 2,1%-ға дейін төмендеді. Бұл жоғары басшылық құрамы тұрақтанғаны, басқару сабақтастығы сақталып отырғаны мен корпоративтік басқару жүйесінің орнықтылығы туралы айғақтайды.

Басшылар санаты бойынша да орнықты оң үрдіс байқалады. Тұрақтамау 2023 жылғы 25,2%-дан 2025 жылы 9,3%-ға дейін төмендеді, бұл басқарушы кадрларды ұстап қалудың жоғары деңгейін көрсетеді және басқарушылық тиімділікті сақтауға ықпал етеді.


Қызметшілер арасында айтарлықтай жақсару байқалды: тұрақтамау көрсеткіші 2023 жылғы 81,4%-дан 2025 жылы 5,1%-ға дейін төмендеді. Бұл динамика персоналдың тұрақтылығы артқанын және жұмыскерлерді бейімдеу және ұстап қалу бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін айғақтайды.

Жұмысшылар санаты бойынша да тұрақтамау салыстырмалы түрде төмен деңгейде. Бұл көрсеткіштің 2024 жылмен салыстырғанда сәл өскеніне қарамастан (10,5%-дан 14,6%-ға дейін), ол 2023 жылғы деңгейден (42,8%) айтарлықтай төмен, бұл оң үрдістің бекігенін көрсетеді.

Сонымен қатар 2025 жылы тұрақтамаудың ең жоғары деңгейі мамандар арасында сақталды – 68,9%. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда бұл көрсеткіш өсті, бұл еңбек нарығындағы білікті мамандар үшін бәсекелестіктің жоғарылығымен, осы санаттағы қызметкерлердің мансаптық мобильділігімен және Қоғамның кадрлық құрылымындағы өзгерістермен байланысты.

**Жалпы алғанда 2025 жылдың нәтижелері Қоғамның кадрлық құрамының тұрақтанғанын көрсетеді. Топ-менеджмент, басшылар, қызметшілер мен жұмысшылар арасында тұрақтамаудың төмендеуі персоналды басқару жүйесінің тиімділігі артқанын, қызметкерлерді ұстап қалу жағдайлары жақсарғанын және анағұрлым орнықты кадрлық әлеует қалыптастырылғанын айғақтайды. Алдағы уақыттардағы жұмыстың басым бағыты мамандар тарту және оларды ұстап қалу іс-шараларын іске асыру болып қалады, өйткені дәл осы санат персоналдың тұрақтамауының жалпы деңгейіне барынша әсер етеді.**

## Персоналдың лауазымдар бойынша тұрақтамауы, %




## Гендерлік топтар мен жас топтары бойынша персоналдың тұрақтамауы

| № | Ұйымның атауы | Штат саны | Жалпы санының %-ы | Есепті жылы гендерлік топтар бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлердің саны | | Есепті жылы жас топтары бойынша жұмыстан шығарылған қызметкерлердің саны | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ә | е | 34 жасқа дейін | 35–44 жас | 45 жас |
| 1 | Қарағанды | 228,9 | 7,98% | 12 | 24 | 16 | 13 | 7 |
| 2 | Семей | 100,9 | 3,52% | 7 | 13 | 12 | 7 | 1 |
| 3 | Өскемен | 92 | 3,21% | 5 | 17 | 12 | 7 | 3 |
| 4 | Павлодар | 102,7 | 3,58% | 7 | 11 | 14 | 1 | 3 |
| 5 | Қостанай | 124,2 | 4,33% | 7 | 18 | 16 | 5 | 4 |
| 6 | Көкшетау | 131 | 4,57% | 5 | 18 | 11 | 7 | 5 |
| 7 | Ақтау | 111,05 | 3,87% | 4 | 21 | 8 | 13 | 4 |
| 8 | Атырау | 116,5 | 4,06% | 7 | 11 | 11 | 1 | 6 |
| 9 | Ақтөбе | 225,9 | 7,87% | 20 | 50 | 36 | 28 | 6 |
| 10 | Алматы | 294,8 | 10,27% | 36 | 20 | 29 | 12 | 15 |
| 11 | Шымкент | 174 | 6,06% | 9 | 13 | 12 | 3 | 7 |
| 12 | Қызылорда | 162,5 | 5,66% | 5 | 11 | 6 | 6 | 4 |
| 13 | Жамбыл | 164 | 5,72% | 7 | 26 | 18 | 8 | 4 |
| 14 | Астана | 287 | 10,00% | 43 | 39 | 53 | 23 | 6 |
| 15 | ОА | 554 | 19,31% | 41 | 74 | 51 | 36 | 28 |
| | Жиыны | 2 869,5 | | 215 | 366 | 305 | 170 | 103 |

## Кадрлардың ерікті түрде және еріксіз тәртіппен тұрақтамауының коэффициенті

| № | Ұйымның атауы | Штат саны | Жалпы санының %-ы | Кадрлардың ерікті түрде және еріксіз тәртіппен тұрақтамауының коэффициенті | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ерікті | % | еріксіз | % |
| 1 | Қарағанды | 228,9 | 7,98% | 36 | 15,7% | 0 | |
| 2 | Семей | 100,9 | 3,52% | 20 | 19,8% | 0 | |
| 3 | Өскемен | 92 | 3,21% | 22 | 23,9% | 0 | |
| 4 | Павлодар | 102,7 | 3,58% | 14 | 13,6% | 4 | 3,9% |
| 5 | Қостанай | 124,2 | 4,33% | 23 | 18,5% | 2 | 1,6% |
| 6 | Көкшетау | 131 | 4,57% | 23 | 17,6% | 3 | 2,3% |
| 7 | Ақтау | 111,05 | 3,87% | 20 | 18,0% | 5 | 4,5% |
| 8 | Атырау | 116,5 | 4,06% | 11 | 9,4% | 7 | 6,0% |
| 9 | Ақтөбе | 225,9 | 7,87% | 67 | 29,7% | 3 | 1,3% |
| 10 | Алматы | 294,8 | 10,27% | 56 | 19,0% | 0 | |
| 11 | Шымкент | 174 | 6,06% | 22 | 12,6% | 0 | |
| 12 | Қызылорда | 162,5 | 5,66% | 16 | 9,8% | 0 | |
| 13 | Жамбыл | 164 | 5,72% | 20 | 12,2% | 10 | 6,1% |
| 14 | Астана | 287 | 10,00% | 82 | 28,6% | 0 | |
| 15 | ОА | 554 | 19,31% | 113 | 20,4% | 2 | 0,4% |
| | Жиыны | 2 869,5 | | 545 | | 36 | |

### Есепті жылғы жалданған қызметкерлердің гендерлік, жасқа байланысты топтар мен аймақтар бойынша бөлінген саны мен пайызы

| № | Ұйымның атауы | Штат саны | Жалпы санының %-ы | Есепті жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны мен пайызы | | Гендерлік топтар бойынша есепті жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны | | Жасқа байланысты топтар бойынша есепті жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлердің саны | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | к-во | % | ж | м | 34 жасқа дейін | 35–44 жас | 45 жастан бастап |
| 1 | Қарағанды | 228,9 | 7,98% | 35 | 15,3% | 10 | 25 | 19 | 10 | 6 |
| 2 | Семей | 100,9 | 3,52% | 12 | 11,9% | 4 | 8 | 10 | 2 | |
| 3 | Өскемен | 92 | 3,21% | 19 | 20,7% | 6 | 13 | 12 | 3 | 4 |
| 4 | Павлодар | 102,7 | 3,58% | 21 | 20,4% | 7 | 14 | 16 | 3 | 2 |
| 5 | Қостанай | 124,2 | 4,33% | 23 | 18,5% | 10 | 13 | 13 | 6 | 4 |
| 6 | Көкшетау | 131 | 4,57% | 23 | 17,6% | 7 | 16 | 11 | 10 | 2 |
| 7 | Ақтау | 111,05 | 3,87% | 24 | 21,6% | 7 | 17 | 8 | 12 | 4 |
| 8 | Атырау | 116,5 | 4,06% | 13 | 11,2% | 3 | 10 | 8 | 4 | 1 |
| 9 | Ақтөбе | 225,9 | 7,87% | 62 | 27,4% | 18 | 44 | 8 | 48 | 4 |
| 10 | Алматы | 294,8 | 10,27% | 60 | 20,4% | 23 | 37 | 37 | 19 | 4 |
| 11 | Шымкент | 174 | 6,06% | 20 | 11,5% | 5 | 15 | 19 | 1 | |
| 12 | Қызылорда | 162,5 | 5,66% | 17 | 10,5% | 7 | 10 | 7 | 8 | 1 |
| 13 | Жамбыл | 164 | 5,72% | 29 | 17,7% | 21 | 8 | 20 | 4 | 5 |
| 14 | Астана | 287 | 10,00% | 78 | 27,2% | 33 | 45 | 61 | 13 | 4 |
| 15 | ОА | 554 | 19,31% | 111 | 20,0% | 33 | 78 | 67 | 37 | 7 |
| | Жиыны | 2 869,5 | | 547 | | 194 | 353 | 316 | 180 | 48 |

**2025 ЖЫЛЫ ҚОҒАМҒА 547 ҚЫЗМЕТКЕР ҚАБЫЛДАНДЫ**

547

**2025 жылы Қоғамға 547 қызметкер қабылданды, бұл жалпы штат санының 19,1%-ын құрайды. Жаңа қызметкерлердің ең көп саны Орталық аппаратқа (111 қызметкер), сондай-ақ Астана (78 қызметкер), Ақтөбе (62 қызметкер) және Алматы (60 қызметкер) филиалдарына қабылданды, бұл осы бөлімшелердің кадрлық қажеттілігімен байланысты.**

Қабылданған жұмыскерлердің гендерлік құрылымы ерлердің басым болуымен сипатталады: 353 адам (64,5%), ал әйелдер саны 194 адам (35,5%). Мұндай қатынас Қоғам персоналының құрылымына сәйкес келеді және техникалық және өндірістік кәсіптердің үлесі көп болуы қажет етілетін қызметтің ерекшелігімен байланысты.

Жас құрамы бойынша жаңадан қабылданған жұмыскерлер арасында 34 жасқа дейінгі қызметкерлер саны басым – 316 адам (57,8%), бұл Қоғамның жас мамандарды тартуға және кадр резервін қалыптастыруға бағдарлануының көрінісі. 35-44 жас аралығындағы жұмысшылар 180 адам (32,9%), ал 45 жастан асқан жұмысшылар саны 48 адам (8,8%) құрады.

Персонал жалдаудың мұндай құрылымы кадрлар құрамын кәсіби тәжірибенің қажетті деңгейін сақтай отырып жаңартуға ықпал етеді.

Жұмысқа қабылдаудың штат санына қатысты ең жоғары деңгейі Ақтөбе (27,4%) және Астана (27,2%) филиалдарында тіркелді, бұл осы бөлімшелерде персонал белсенді түрде жасақталғанын көрсетеді. Қалған филиалдардың көпшілігінде жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің үлесі штат санының 10-22%-ы аралығында болды, бұл кадрлық қажеттілік жоспарлы түрде толықтырылып және өндірістік қызметтің үздіксіздігі қамтамасыз етіліп отырғанын көрсетеді.

## Әлеуметтік саясат және ұжымдық шарттар

**Қоғамда қызметкерлердің мүдделерін білдіретін және әлеуметтік әріптестікті дамытуға қатысатын «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ жұмыс істейді. «Транстелеком» АҚ мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас 2025 жылға арналған Ұжымдық шартпен реттеледі, онда тараптардың еңбекақы төлеу, әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктер беру, еңбекті қорғау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, қызметкерлердің кәсіби дамуы және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу саласындағы өзара міндеттемелері айқындалған.**

Есепті күнгі жағдай бойынша Ұжымдық шарт Қоғам жұмыскерлерінің 91%-ына қолданылады, бұл персоналды әлеуметтік әріптестік жүйесімен қамтудың жоғары деңгейін көрсетеді. Ұжымдық шарттың ережелерін іске асыру жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалғандығын арттыруға, еңбек қатынастарын нығайтуға, қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды қолдауға және кадр құрамының тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Ұжымдық шарт шеңберінде жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген ең төменгі талаптардан асатын қосымша әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер беріледі.

**2025 жылы Қоғам жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға, отбасылық құндылықтарды қолдауға, корпоративтік мәдениетті нығайтуға және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды жалғастырды.**

Жыл қорытындысы бойынша әлеуметтік шығыстардың жалпы көлемі 705,9 млн теңге құрады, бұл бекітілген жоспардан (693,9 млн теңге) 12,0 млн теңгеге (1,7%) жоғары. Жоспарлы көрсеткіштердің аздап асып кету жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсетудің жекелеген бағыттары бойынша нақты шығыстардың ұлғаюына байланысты орын алды.

**Әлеуметтік шығыстар құрылымындағы ең үлкен үлес мыналарда:**

- жұмыскерлер үшін корпоративтік іс-шаралар өткізу – 112,9 млн теңге;
- балаларды мектепке дайындауға материалдық көмек беру – 87,5 млн теңге;
- Спартакиада өткізу – 71,6 млн теңге;
- жұмыскерлердің жеке мүлкін пайдалану үшін өтемақы – 91,6 млн теңге;
- тұрғын үй жалдау өтемақысы – 51,9 млн теңге.

**Есепті кезеңде Қоғамда атаулы әлеуметтік қолдау шараларының кең тізбесі сақталды. Қомақты қаражат баланың тууына (32,0 млн теңге), жұмыскерлердің емделуіне (21,2 млн теңге), мерейтойлық күндерге (7,8 млн теңге), жерлеу қызметтеріне (15,1 млн теңге) байланысты материалдық көмек көрсетуге, сондай-ақ мүгедек балалары бар жұмыскерлерге, жалғызбасты**

**аналарға және көп балалы отбасыларға қолдау көрсетуге бағытталды.**

Бірқатар бағыттар бойынша іс жүзіндегі шығыстар жоспарлы көрсеткіштерден асып түсті. Елеулі ауытқу емделуге материалдық көмек беру бойынша байқалды, мұнда жоспарланғаны 10,3 млн теңге болса, іс жүзіндегі төлемдер 21,2 млн теңге құрады, бұл осы қолдау түріне мұқтаждық бар екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, жұмыскерлердің жеке мүлкі пайдаланылғаны үшін өтемақы, қосымша демалыстарға төлем жасау, бала туылған кезде материалдық көмек көрсету бойынша шығыстар мен корпоративтік іс-шараларды өткізуге жұмсалған шығыстардың өсуі байқалды.

Сонымен бірге жекелеген баптар бойынша қаражатты жоспардағымен салыстырғанда үнемдеу тіркелді. Атап айтқанда, жұмыскерлер зейнетке шыққан кезде жасалатын төлем шығыстары жоспардағы 20,9 млн теңгенің орнына 11,3 млн теңге құрады, бұл есепті кезеңде зейнеткерлік жасқа жеткен жұмыскерлер саны аз болуымен байланысты. Сондай-ақ тұрғын үй жалдау, балаларға сыйлықтар беру және әлеуметтік аударымдар шығыстары да жоспарланған деңгейден төмен болды.

**Жалпы алғанда жыл нәтижелері Қоғам әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін сақтағанын және жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне қолдау көрсету саясаты дәйекті түрде іске асырылып отырғанын растайды. Әлеуметтік бағдарламалар жұмыскерлердің қатыстырылуын арттыруға, жұмыскерлердің адалдығын нығайта түсуге және ұжымда қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етеді.**

### Есепті жылы ана/әке болуға байланысты демалыс алған және демалыстан оралған жұмыскерлердің жалпы саны, жынысы бойынша бөлініп көрсетілген

| № | Ұйымның атауы | ж | м |
|---|---|---|---|
| 1 | Қарағанды | 0 | 0 |
| 2 | Семей | 0 | 0 |
| 3 | Өскемен | 0 | 0 |
| 4 | Павлодар | 1 | 0 |
| 5 | Қостанай | 0 | 0 |
| 6 | Көкшетау | 0 | 0 |
| 7 | Ақтау | 1 | 2 |
| 8 | Атырау | 0 | 0 |
| 9 | Ақтөбе | 0 | 0 |
| 10 | Алматы | 0 | 0 |
| 11 | Шымкент | 0 | 0 |
| 12 | Қызылорда | 0 | 0 |
| 13 | Жамбыл | 0 | 0 |
| 14 | Астана | 0 | 0 |
| 15 | ОА | 0 | 0 |
| | Жиыны | 2 | 2 |

2025 жылы жүктілігі және босануы бойынша демалысы, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалысы аяқталғаннан кейін 4 қызметкер еңбек міндеттерін орындауға қайта оралды, оның 2-уі – әйел және 2-уі – ер адам. Жұмыскерлердің қайтып келуі Павлодар (1 әйел) және Ақтау (1 әйел және 2 ер адам) филиалдарында тіркелді.

**Қоғам жүктілігі және босануы бойынша демалыс, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыс алу құқығын пайдаланған жұмыскерлерге Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес бұрынғы жұмыс орнына оралу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Іске асырылып жатқан кадрлық саясат еңбек қатынастарын сақтауға, кәсіби қызмет пен отбасылық міндеттер арасындағы теңгерімді сақтауға, сондай-ақ барлық жұмыскерлер үшін олардың жынысына байланыссыз тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға бағытталған.**



# Персоналды оқыту және дамыту

**2025 жылы қызметкерлерді оқыту және дамыту HR-саясаттың басым бағыты болып қалды. 1 815 қызметкер оқытудан өтті (персоналдың жалпы санынан 2 869 адам). Желіні дамыту, ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік, дата-талдама, пайдалану қызметін сүйемелдеу, инфрақұрылымды жаңғырту және салу, корпоративтік хатшы, B2B, B2C, B2G сегменттеріндегі жұмыс бойынша мамандар және т. б. бағыттарды қоса алғанда, басты назар цифрлық технологияларды дамытуға, әкімшіліктендіруге және техникалық жабдықтарға қызмет көрсетуге, тиімді сату техникасын игеруге, әлемдік стандарттар деңгейіндегі корпоративтік басқаруға аударылды.**

**Сертификаттаудан компанияның 43 қызметкері өтті, оның ішінде QID тәуелсіз директорлар қауымдастығының Ұлыбритания Директорлар институтымен (Institute of Directors, UK – IoD) серіктестіктегі «Certificate in Company Direction» халықаралық сертификаттауы, ақпараттық қауіпсіздік, IT-қолдау, желілер, еңбек қауіпсіздігі, тәуекелдерді басқару және бухгалтерлік есеп бағыттары бойынша оқыту. Сондай-ақ азаматтық қорғаныс және объектілерге рұқсат беру (ЕҚжЕҚ, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, биіктікте жұмыс істеу және т. б.) бойынша міндетті оқыту жүргізілді.**

**Есепті жыл ішіндегі оқу сағаттарының бір жұмыскерге шаққандағы орташа саны, жұмыскерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөлініп берілген:**

- Оқу сағаттарының орташа саны – 16 сағат.
- Оқығандар саны – 1 815 адам.

**Гендерлік топтар бойынша:**

- Ерлер – 1 553 адам
- Әйелдер – 262 адам

**Жұмыскерлердің санатына қатысты:**

- ӨП (өндірістік персонал) – 1 687 адам
- ӘБП (әкімшілік-басқару персоналы) – 128 адам

# Практика және ЖОО-мен өзара ықпалдасу

**«Транстелеком» АҚ ҚР жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты жалғастыруда.**

**2025 жылы барлығы 23 жаңа келісім жасалды, компанияның құрылымдық бөлімшелерінде өндірістік және диплом алдындағы практикадан 309 студент өтті, олардың 12-сі кейіннен жұмысқа орналастырылды. HR-брендті қалыптастыру АКТ саласына жас мамандар тартуға бағытталған.**



## Көтермелеу және марапаттар

**2025 жылы материалдық емес ынталандыру жүйесі үздік қызметкерлер мен командаларды жыл сайын марапаттауды қамтыды. Барлығы 331 қызметкер атап өтілді, оның ішінде 267 – филиалдарда, 64 – орталық аппаратта.**

9 номинацияда (қызмет түрлері бойынша) «Үздік команда 2025» байқауы өткізілді. Жеңімпаздар өндірістік көрсеткіштер мен командалық жұмыстың тиімділігі негізінде анықталды. 178 қызметкер дипломдар мен ақшалай сыйлықтар алды.

Байланыс қызметкерлері күніне/Республика күніне орай 51 қызметкер Цифрлық даму министрлігінің/Жасанды интеллект министрлігінің ведомстволық наградаларына, оның ішінде 12 «Үздік байланысшы», «Үздік цифрландырушы» белгісімен және 3 «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

36 қызметкер ЦДИАӨМ/ЖИЦДМ құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталды.

**43**
**қызметкер –** сертификаттаудан компанияның өтті

**16**
**сағат –** оқу сағаттарының орташа саны

**1 815**
**адам –** оқығандар саны

# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ (ЕҚЕҚ)

**Жазатайым оқиғалар:**
2025 жылы Қоғамда еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ. Мұндай оқиға соңғы рет орын алған сәттен бастап есептелген еңбек қауіпсіздігінің көрсеткіші 658 күнді құрады.


**Қоғамда тіркелген соңғы жазатайым оқиға:**
2024 жылдың 12 наурызында Шымкент-транстелеком филиалында жұмыскер ауыр жарақат алған ЖКО орын алды.

**Ден қою шаралары:**
- Жоспардан тыс нұсқаулық өткізілді.
- Көлікті қауіпсіз пайдалану жөніндегі жетекшілік енгізілді.
- ЕҚЕҚ бойынша ішкі бақылау күшейтілді.

**Корпоративтік бастамалар:**
- Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні өткізілді.
- Near Miss жүйесіндегі процестер автоматтандырылды.
- Жаңа регламенттер мен қадағалау құралдары енгізілді.
- Көлік қауіпсіздігіне, көшбасшылыққа, мотивацияға және мінез-құлықты бақылауға назар күшейтілді.

/ **КЕЗЕҢДІК МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ:** жұмыскерлердің 91%-ы өтті.
/ **БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ ДЕҢГЕЙІ:** 99%.
/ **ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АТТЕСТАТТАУ:** жоспардың 93%-ы орындалды.
/ **ЕҚЕҚ БОЙЫНША ОҚЫТУ:** өндірістен қол үзбей өткізілді.


## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚЫТУ





## ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ОҚЫТУ




## Жарақаттану көрсеткіші




## Филиалдар бойынша соңғы 7 жыл ішіндегі жазатайым оқиғалар




## Әлеуметтік жобалар

Транстелеком қызметінің маңызды бөлігі қоғамдық бастамаларды қолдау болып қала береді. Компания WorldSkills Kazakhstan және Talap-пен ынтымақтастық орнатқан – кәсіби және цифрлық құзыреттерді дамытуға жәрдемдеседі.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғау тәсілі

**«Транстелеком» АҚ өз қызметін экологиялық жауапкершілік және орнықты даму қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады. Телекоммуникация саласының қоршаған ортаға әсері салыстырмалы түрде төмен деңгейде болатынына қарамастан, Компания табиғатты қорғау заңнамасын сақтауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ерекше назар аударады.**

Компанияда ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) енгізілген және жұмыс істейді. 2026 жылы стандарт талаптарына сәйкестікке инспекциялық аудит сәтті өтті.

**Экологиялық қызметтің негізгі бағыттары:**

- қалдықтармен жұмыс істеуді бақылау;
- шығарындылардың белгіленген нормативтерін сақтау;
- қоршаған ортаның ластануын болдырмау;
- қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

«Транстелеком» АҚ міндетті есептілікті орындауымен, қалдықтарды утильдеу бойынша шарттар жасасумен және санитариялық-экологиялық нормаларды сақтауымен қоса, өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына толық сәйкес жүзеге асырады. Есепті кезеңде экологиялық заңнаманы бұзу және айыппұл санкцияларын қолдану жағдайлары тіркелмеген.

Компанияның экологиялық шығыстарына ластаушы заттар шығарындылары мен қалдықтарды орналастыру төлемдері, сондай-ақ экологиялық талаптарды орындаумен байланысты әкімшілік шығыстар кіреді.

**«Транстелеком» АҚ-тың есепті кезең ішіндегі қызметі экологиялық қауіпсіз және табиғатты қорғау нормаларына сәйкес деп танылады. Қоғам орнықты даму бағытына бейілділігін растайды және қоршаған ортаға антропогендік әсерді төмендету жұмысын жалғастырады.**

### Ресурстарды тұтынудың және қалдық пайда болуының негізгі көрсеткіштері

| № | Көрсеткіш | Мәні | Өлш. бірл. |
|---|---|---|---|
| 1 | Электр энергиясы (14 филиал, өз меншігіндегі емес көздерден) | 18 940 033 | кВт·сағ |
| 2 | Жылу энергиясы (өз меншігіндегі емес көздерден) | 4 441,656 | Гкал |
| 3 | Суық су (тұтыну) | 21 040 | $м^3$ |
| 4 | Мотор бензині | 931 996 | л |
| 5 | Дизель отыны | 153 200 | л |
| 6 | ҚТҚ, арнайы ұйымдарға берілді | 39,7 | тонна |
| 7 | Есептен шығарылған жабдықтар, берілді | 3,0 | тонна |
| 8 | Пайдаланылып болған кабельдік өнімдер, берілді | 0,807 | тонна |
| 9 | Қауіпті қалдықтар | 0 (түзілмейді) | тонна |

## Атмосфералық шығарындылар және климатқа әсер ету

**«Транстелеком» АҚ энергия тиімді және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуді қоса алғанда, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын азайтуға бағытталған іс-шараларды дәйекті түрде іске асырады. Бұл бағытты басқару ISO 14001 стандарты бойынша сертификатталған қолданыстағы Экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) шеңберінде жүзеге асырылады.**

**Есепті кезеңдегі шығарындылардың көрсеткіштері:**

- **Іс жүзіндегі шығарындылар:** 10,10284 тонна/жыл.
- **Белгіленген норматив (жылдық лимит):** 12,28906 тонна/жыл.
- **Лимиттен асып кету:** Жоқ.

Өндірістік қызмет шеңберінде Компанияның филиалдары қажетті экологиялық рұқсаттарды уақтылы алып отырады және заңнамада белгіленген есептілікті уәкілетті мемлекеттік органдарға жыл сайын ұсынады.

**Есепті кезеңде экологиялық заңнаманың атмосфералық ауаға шығарындылармен байланысты талаптарын бұзушылықтар анықталған жоқ.**

### Парниктік газдар шығарындылары, т $CO_2$-экв.

Қоғамның объектілері ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ету дәрежесі бойынша IV санатқа жатқызылған – эмиссиялар нормативтері белгіленбейді, 870.00 нысаны бойынша есептілік талап етілмейді.

| Көрсеткіш | Мәні |
|---|---|
| Қамту 1 – бензин | 2 152,91 |
| Қамту 1 – дизель | 410,58 |
| Қамту 1, Жиыны | 2 563,49 |
| Қамту 2 – Электр энергиясы | 15 549,77 |
| Қамту 2 – Жылу энергиясы | 1 376,91 |
| Қамту 2, Жиыны | 16 926,68 |
| Қамту 3 | бағаланбаған (IV санат үшін маңызды емес деп танылған) |
| ПГ шығарындыларының ЖИЫНЫ | 19 490,17 |

### Энергия тұтыну, ГДж

| Энергия көзі | Мәні | ГДж |
|---|---|---|
| Электр энергиясы | 18 940 033 кВт·ч | 68 184,12 |
| Жылу энергиясы | 4 441,656 Гкал | 18 596,33 |
| Мотор бензині | 931 996 л | ~30 010,27 |
| Дизель отыны | 153 200 л | ~5 913,52 |
| Энергияны тұтыну ЖИЫНЫ | – | ~122 704,24 |

## Қалдықтармен жұмыс істеу

| Көрсеткіш | Мәні |
|---|---|
| Түзілген және берілген қалдықтардың жалпы көлемі | 43,507 тонна |
| оның ішінде қауіпті қалдықтар | 0 тонна (0%) |

**2025 жылы пайда болған қалдықтар белгіленген лимиттер шеңберінде** (қауіпті қалдықтар паспортына сәйкес) **бөгде ұйымдарға берілді:**

| Қалдықтың атауы | 2025 жылғы көлемі (тонна) | Белгіленген лимит (тонна) | Орындалуы |
|---|---|---|---|
| Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) | 39,7 | 40,0 | Норма шегінде |
| Есептен шығарылған жабдықтар | 3,0 | 4,0 | Норма шегінде |
| Пайдаланылып болған кабельдік өнімдер | 0,807 | 1,2 | Норма шегінде |

## САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ

**«Транстелеком» АҚ-та тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу ішкі Сатып алу саясатына және Сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Өнім берушіні таңдаудың барлық рәсімдері регламенттелген және eep.mitwork.kz электрондық сатып алу жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бір көзден сатып алу кезінде адал бәсекелестік критерийлері және баға мен сапаның оңтайлы арақатынасы ескеріле отырып, нарықтық бағаларға талдау жүргізіледі. Сатып алу жүйесінің айқындығы мен тиімділігін арттыру мақсатында ішкі регламенттерді өзектендіру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.**

«Трансгелеком» АҚ

5

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚОҒАМНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНЫН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ**


036 Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат
038 Директорлар кеңесі
045 Атқарушы орган
045 Құндылықтар және іскерлік әдеп
045 Мүдделер қақтығысы
046 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
047 Террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл
048 Тәуекелдерді басқару
051 Ішкі аудит қызметі
052 Ақпараттық қауіпсіздік
052 Сапаны басқару




# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік басқару Қоғамның орнықты дамуының негізгі элементтерінің бірі және оның ұзақ мерзімді құнын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

**Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі теңгерімді басқару шешімдерін қабылдауға, операциялық тиімділікті арттыруға, тәуекелдерді дұрыс басқаруды қамтамасыз етуге және ішкі бақылау жүйесін нығайтуға ықпал етеді.**


Қоғам Корпоративтік басқаруды стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің, қызметтің айқындығын қамтамасыз етудің және акционерлер, инвесторлар, серіктестер мен өзге де мүдделі тараптар сенімін ақтаудың ажырамас негізі ретінде қарастырады. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ішкі корпоративтік құжаттарды және үздік халықаралық стандарттарды басшылыққа ала отырып, корпоративтік басқару практикасын дәйекті түрде жетілдіріп отырады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру акционерлер мен өзге де мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге, қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға, басқару органдарының есептілігін нығайтуға және Қоғамның тұрақты өсуі мен ұзақ мерзімді дамуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

## НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

**Корпоративтік басқару Акционерлердің жалпы жиналысы 2022 жылғы 2 наурызда бекіткен Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Кодекстің негізгі қағидаттары:**

- Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімді жұмысы.
- Ашылып көрсетілетін ақпараттың айқындығы мен шынайылығы.
- Заңдылық, әдептілік және басқарушының жауапкершілігі.
- Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу.
- Кадрлық әлеуетті дамыту және қоршаған ортаны қорғау.




## Корпоративтік басқарудың құрылымы

**Корпоративтік басқаруға Директорлар кеңесі, Басқарма, ішкі аудит, сондай-ақ бұзушылықтар туралы құпия хабарлауға арналған Жедел желі кіреді. Компания тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және қаржылық тұрақтылыққа ықпал ететін басқару шешімдерін қабылдаудың жүйелі тәсілін қамтамасыз етеді.**

## Акционерлік капитал

**«Жекешелендірудің 2014–2016 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 қаулысына сәйкес «Транстелеком» АҚ жекешелендіруге және бәсекелестік ортаға иеліктен шығаруға жататын компаниялар тізіміне енді.**

**2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік капитал құрылымы:**

- **«Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ – 25% + 1 акция.**
- **«Unit Telecom» ЖШС – 75% – 1 акция.**

**2025 жылы жарғылық капиталда өзгерістер болған жоқ.**

**Жарияланған жай акциялар – 6 471 089,**
**орналастырылғаны – 5 638 097,**
**орналастырылмағаны – 832 992.**

**Бір акцияның номиналды құны – 1 000 теңге.**
**Орналастырудан тартылған қаражат – 12,2 млрд теңге.**

## Облигациялар

**2019 жылғы 22 шілдеде Директорлар кеңесі ішкі нарықта 22 млрд теңгеден аспайтын сомаға жылдық 11,5% купондық мөлшерлемемен және айналым мерзімі 12 жыл болатын облигациялар шығару туралы шешім қабылдады. 2020 жылғы 10 қаңтарда «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ 10 млрд теңге көлемінде облигациялар сатып алды. 2023 жылғы қаңтарда «Транстелеком» АҚ 2 млрд теңге сомасына облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды.**

2021 жылғы 19 қарашада Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 қазандағы шешіміне сәйкес 15 млрд теңге мөлшеріндегі облигациялар жылдық 13,0% купондық мөлшерлемемен 7 жыл мерзімге орналастырылды.

## Ірі мәмілелер

**2025 жылдың қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ түсімі – 87,97 млрд теңге.**

Өсу бизнесті әртараптандыру, B2Cloud, B2SP, B2C және халықаралық қызметті дамыту есебінен қамтамасыз етілді.

Ішкі жобалау институты құрылды, Яндекс. Облако-мен келісімшартқа қол қойылды, «ҰАТ» АҚ, KAZ Minerals және т.б. компаниялармен бірге жобалар іске асырылды.

## Акционерлердің жалпы жиналысы

**Жоғары басқару органы – Акционерлердің жалпы жиналысы.**

Жиналыстың құзыреті, сондай-ақ оны өткізудің тәртібі Жарғымен және 04.08.2016 жылғы (№1 хаттама) Ережемен айқындалған.

«Транстелеком» АҚ барлық акционерлердің тең құқықтарын және мүдделері қорғалуын қамтамасыз етеді.

**87,97**
**млрд теңге –** 2025 жылдың қорытындысы бойынша түсімі

**6 471 089**
**жай акциялар –** жарияланған

**1 064,19**
**теңге –** 1 жай акцияға дивиденд құрады

## Дивидендтер

**2023 жылдың қорытындысы бойынша, Акционерлердің жалпы жиналысының 27.01.2025 ж. шешіміне сәйкес 6 млрд теңге дивиденд төлеуге бағытталды.**

1 жай акцияға дивиденд 1 064,19 теңге құрады.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғамның Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

**Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру мен дамытуда шешуші рөл атқарады, акционерлердің құқықтарын қорғауды және іске асыруды қамтамасыз етеді, атқарушы органның қызметіне бақылауды жүзеге асырады.**

Директорлар кеңесін құру тәртібі, оның құзыреті, сондай-ақ отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Қоғамның Жарғысында және Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталған («Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2016 жылғы 4 тамыздағы шешімімен бекітілген, кейінгі өзгертулермен және толықтырулармен қоса).

**Директорлар кеңесінің құзыретіне, оның ішінде, мынадай мәселелер жатады:**

- Қоғам қызметінің басым бағыттарын және даму стратегиясын айқындау;
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуын және тиімділігін бағалауды қамтамасыз ету;
- атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшысы мен Корпоративтік хатшы лауазымдарына тағайындау туралы шешімдер қабылдау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;
- Қоғамның Даму жоспарын бекіту және оның іске асырылуын мониторингтеу;
- жұмыскерлердің жалпы санын және Қоғамның орталық аппаратының құрылымын бекіту;
- Қоғамның Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының мотивациялық карталарын бекіту және қызметтің негізгі көрсеткіштерінің паспорттарын бекіту;
- Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның атқарушы органдарының құзыретіне бекіту жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту.

## Директорлар кеңесінің құрамы

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ САЙЛАЙДЫ.

**2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы**

| Директорлар кеңесінің мүшесі | Сайланған күні | Мәртебесі |
|---|---|---|
| Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | 2025 жылғы 11 желтоқсан | Директорлар кеңесінің төрағасы, Тәуелсіз директор |
| Ахметжанов Ануар Муратович | 2023 жылғы 25 шілде | Акционердің өкілі |
| Кукелис Каспарс | 2025 жылғы 11 желтоқсан | Акционердің өкілі |
| Искаков Тимур Муслимович | 2025 жылғы 11 желтоқсан | Акционердің өкілі |
| Өтемұрат Берік Мұстайұлы | 2025 жылғы 11 желтоқсан | Тәуелсіз директор |
| Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | 2023 жылғы 25 шілде | Тәуелсіз директор |
| Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы | 2025 жылғы 11 желтоқсан | Қоғам Басқармасының Төрағасы |

## Тәуелсіз директорларды, Басқарма төрағасын және Директорлар кеңесінің Комитеттерінің мүшелерін іріктеу критерийлері

**Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, Қоғамның стратегиялық дамуы, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша объективті және салмақты шешімдер қабылдауға ықпал етеді.**

Тәуелсіз директорларды Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген айқын рәсімдердің негізінде, кәсіби құзыреттерді, жұмыс тәжірибесін, іскерлік беделін, көшбасшылық қасиеттерін және Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиімді орындау үшін қажет өзге де критерийлерді ескере отырып сайлайды.

Есепті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына жеті мүше кірді, олардың үшеуі – Тәуелсіз директорлар. Мұндай өкілдік Қоғам қызметінің негізгі мәселелерін қарау кезінде тәуелсіз көзқарасты қамтамасыз етеді және барлық акционерлердің мүддесінде шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Директорлар кеңесінің комитеттері Тәуелсіз директорлардан ғана құрылған, бұл олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әзірленетін ұсынымдардың объективтілігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді.


Есепті кезең ішінде Қоғамның барлық Тәуелсіз директорлары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәуелсіздік критерийлеріне, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген қосымша талаптарға сәйкес келді.

Тәуелсіз директор лауазымына кандидаттарды іріктеу кезінде Қоғам тиісті қызмет салалары бойынша кәсіби сараптаманың болуына, корпоративтік басқару, қаржылық бақылау және тәуекелдерді басқару қағидаттарын түсінуіне, салалық ерекшеліктерді білуіне, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделі мен жоғары әдеп стандарттарына ерекше назар аударады.

Сонымен қатар, Тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысына толыққанды қатысу үшін, оның ішінде материалдарды алдын-ала зерделеу мен күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға дайындалуы үшін жеткілікті уақыты болуы керек.

**Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында Басқарма Төрағасына қатысты тәуелсіздік туралы талаптар көзделмеген.**

### ДК отырыстары туралы ақпарат






# Директорлар кеңесінің 2025 жылғы қызметі

## ОТЫРЫСТАР САНЫ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

**Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Есепті жылы Компанияның Директорлар кеңесінің барлығы 12 отырысы өткізілді, оның ішінде 12 – бетпе-бет, 0 – сырттай дауыс беру түрінде.**

2025 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында 72 мәселе қаралды, олардың барлығы бетпе-бет отырыстар барысында қаралды.

Төменде Директорлар кеңесінің отырыстарының және соңғы 3 жылда қаралған мәселелердің статистикасы көрсетілген кесте берілген:

### «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу туралы ақпарат

| № | Директорлар кеңесінің мүшесінің Т. А. Ә. | 2025 жылы Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі | Отырыстарға қатысуы | Қатысу үлесі, % |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | 01.01.2025 – 31.12.2025 | 12-нің 12 | 100 |
| 2 | Ахметжанов Ануар Муратович | 01.01.2025 – 31.12.2025 | 12-нің 12 | 100 |
| 3 | Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | 01.01.2025 – 31.12.2025 | 12-нің 12 | 100 |
| 4 | Покупателев Дмитрий Александрович | 01.01.2025 – 11.12.2025 | 10-ның 10 | 100 |
| 5 | Аниховский Вячеслав Анатольевич | 01.01.2025 – 11.12.2025 | 10-ның 10 | 100 |
| 6 | Балыкбаев Кайрат Такирович | 01.01.2025 – 05.05.2025 | 2-нің 2 | 100 |
| 7 | Марченко Андрей Александрович | 01.01.2025 – 05.05.2025 | 2-нің 2 | 100 |
| 8 | Кукелис Каспарс | 11.12.2025 – 31.12.2025 | 2-нің 2 | 100 |
| 9 | Искаков Тимур Муслимович | 11.12.2025 – 31.12.2025 | 2-нің 2 | 100 |
| 10 | Өтемұрат Берік Мұстайұлы | 11.12.2025 – 31.12.2025 | 2-нің 2 | 100 |
| 11 | Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы | 11.12.2025 – 31.12.2025 | 2-нің 2 | 100 |

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2025 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне жататын стратегиялық және ағымдағы сипаттағы мәселелер қаралды. Қаралған мәселелер мен қабылданған шешімдер туралы ақпарат отырыстардың хаттамаларында және Директорлар кеңесінің шешімдерінде көрсетілген.**

**Есепті кезеңнің ішінде Директорлар кеңесі Қоғам қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған, соның ішінде мынадай бағыттар бойынша кең ауқымды мәселелерді қарады:**

1. **Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі**
- «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы туралы есептерді қарау;
- «Транстелеком» АҚ-тың 2025 жылға арналған бюджетін бекіту.

2. **Корпоративтік басқару және кадрлық мәселелер**
- Директорлар кеңесінің Комитеттерінің төрағалары мен мүшелерін сайлау;
- Директорлар кеңесінің 2025 жылға арналған Жұмыс жоспары мен Жұмыс кестесін бекіту;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің 2024 жылғы есептерін қарау;
- «Транстелеком» АҚ Басқармасының мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін және оларға еңбекақы төлеу шарттарын анықтау;
- «Транстелеком» АҚ Жарғысына енгізілетін, Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарау және мақұлдау;
- Директорлар кеңесінің 2024 жылғы жұмысы туралы есепті мақұлдау;
- «TTS RailTech» ЖШС Байқау кеңесінің мүшелерін сайлау;
- «TTS RailTech» ЖШС Жарғысына өзгерістер енгізу.

3. **Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару**
- тәуекелдер бойынша есептерді бекіту;
- «Транстелеком» АҚ-тың 2025 жылға арналған тәуекелдер тізілімі мен картасын бекіту;
- «Транстелеком» АҚ-тың2025 жылға арналған тәуекел-тәбетін бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің жылдық есебін мақұлдау;
- Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін тоқтату және оларға еңбекақы төлеу шарттарын анықтау мәселелері.

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚОҒАМҒА ҚАТЫСТЫ ПІКІРЛЕРІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕСКЕРУІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

**Акционерлердің Қоғамның қызметіне қатысты пікірлерін ескеруді қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің құрамына Қоғамның екі акционерінің де өкілдері паритетті негізде кіреді.**

Акционерлердің өкілдері Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға қатысады, тиісті мәселелер бойынша акционерлердің ұстанымын қалыптастырады және білдіреді. Аталған ұстаным Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларында көрсетіледі және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің мүшелері оны ескереді.

Акционерлер өздерінің мүдделерін қозғайтын мәселелерді қарауға Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы бастамашылық жасауға, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына тиісті ұсыныстар енгізуге құқылы.

Директорлар кеңесі, акционерлердің мүдделерін білдіретін орган бола отырып, акционерлерден келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстарды қарауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ өз құзыреті шеңберінде қажетті шаралар қабылдайды.

**Есепті кезеңде Директорлар Кеңесіне акционерлердің Қоғам қызметіне қатысты өтініштері, ұсыныстары немесе өзге де пікірлері түскен жоқ.**

## Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметі

**Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында «Транстелеком» АҚ-та Директорлар кеңесінің үш Комитеті жұмыс істейді, олар аса маңызды мәселелерді егжей-тегжейлі алдын ала қараумен және тиісті ұсынымдар дайындаумен айналысады:**
- Аудит жөніндегі комитет;
- Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.

**Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес Комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне атқарылған жұмыс туралы жыл сайынғы негізде есеп береді.**

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) өз қызметін Қоғамның Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 17 наурыздағы шешімімен бекітілген (№2/2017 хаттама) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және аса мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.**



Қоғамның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің Комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің Төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитет төрағасы болып 2025 жылғы 11 наурыздан бастап Қоғамның Тәуелсіз директоры Чеховский Вячеслав Анатольевич сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сай келеді. 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап Комитет төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Өтемұрат Берік Мұстайұлы сайланды.

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 11 наурыздағы шешіміне сәйкес (№1/2025 хаттама) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамы анықталды:**

- **Аниховский В.А. –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Арынғазиев Н.Ұ. –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Ыбрайымов Қ.У. –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**2025 жылғы 15 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/2025 хаттама) Аудит жөніндегі комитеттің келесі құрамы бекітілді:**

- **Өтемұрат Берік Мұстайұлы –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**Сонымен, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамында:**

### Аудит жөніндегі комитеттің құрамы

| № | Т.А.Ә. | Лауазымы | Мына уақыттан бастап Комитет мүшесі: |
|---|---|---|---|
| 1 | **Өтемұрат Берік Мұстайұлы** | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет Төрағасы | 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап |
| 2 | **Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы** | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі | 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап |
| 3 | **Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы** | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі | 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап |

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚАБЫЛДАЙТЫН ШЕШІМДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҮШ КОМИТЕТІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ**

**Есепті кезеңде Комитет 5 бетпе-бет отырыс өткізді. Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 15 мәселені қарады, қаралған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.**

**Ішкі аудит мәселелері бойынша**

**Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсыныстар берді:**

- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылғы есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы.
- ІАҚ өкілеттік мерзімін анықтау жөнінде және ІАҚ қызметкерін тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.
- 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының қызметінің негізгі көрсеткіштерінің іс жүзіндегі мәндері көрсетілген мотивациялық картасын және сыйақы мөлшерінің есебін мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және тағайындау, өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының ҚНК мотивациялық картасын бекіту туралы.
- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі жұмыскерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсыныс енгізу және Ішкі аудит қызметінің жаңа жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысының мөлшерін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.
- Кадрлық процестерді аудиттеу нәтижелері бойынша берілген ұсынымдарды орындаудың мерзімін жылжыту туралы.

**Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша**

**Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:**

- Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатына енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ 31.12.2024 ж. жағдай бойынша жасалған тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ-тың 2025 жылға арналған Тәуекелдер тізілімі мен картасын алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ-тың 2025 жылға арналған Тәуекел-тәбетін алдын ала мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ-тың 31.03.2025 ж. жағдай бойынша жасалған тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы.

**Қаржылық есептілік және сыртқы аудит мәселелері бойынша**

- Қарауға шығарылған жоқ.

**Ұйымдастыру мәселелері және Директорлар кеңесінің қызметі жөніндегі мәселелер бойынша:**

**Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:**

- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ағымдағы отырысының Төрағасын сайлау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2024 жылғы есебін алдын ала қарау туралы.

## Аудит комитет мүшелерінің 2025 жылғы отырыстарға қатысуы

| № | Т.А.Ә. | Барлық отырыс (саны) | Отырыстарға қатысуы (саны) | Отырыстарға қатысуы (%) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аниховский Вячеслав Анатольевич | 5 | 5 | 100 |
| 2 | Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | 5 | 5 | 100 |
| 3 | Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | 5 | 5 | 100 |
| 4 | Өтемұрат Берік Мұстайұлы | 0 | 0 | - |

**Сонымен, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің құрамында:**

| № | Т.А.Ә. | Лауазымы | Мына уақыттан бастап Комитет мүшесі: |
|---|---|---|---|
| 1 | Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет Төрағасы | 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап |
| 2 | Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі | 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап |
| 3 | Өтемұрат Берік Мұстайұлы | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі | 2025 жылғы 15 желтоқсаннан бастап |

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды.**

Комитет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы №6/2016 хаттамасымен бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және аса мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қоғамның жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің Комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің Төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитет төрағасы болып Қоғамның Тәуелсіз директоры Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы сайланды, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сай келеді.

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі шешіміне сәйкес (№6/2023 хаттама) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің құрамы анықталды:**

- **Ыбрайымов Қ.У. –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Өтемұрат Б.М. –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Аниховский В.А. –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**2025 жылғы 11 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№1/2025 хаттама) Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің келесі құрамы бекітілді:**

- **Ыбрайымов Қ.У. –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Аниховский В.А.–** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Арынғазиев Н.Ұ. –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**2025 жылғы 15 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/2025 хаттама) Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің келесі құрамы бекітілді:**

- **Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы – Комитет Төрағасы –** Тәуелсіз директор;
- **Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Өтемұрат Берік Мұстайұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**Есепті кезеңде Комитет 4 отырыс өткізді, отырыстардың барлығы бет-бет түрде өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 10 мәселе қарады, олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.**

**Есепті кезеңде Қоғам қызметінің Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелері, соның ішінде мына мәселелер қаралды:**

- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің 2024 жылғы есебін алдын ала қарау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшелерін сайлау, олардың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау жөнінде, «Транстелеком»АҚ орталық аппаратының әкімшілік-басқарушы және өндірістік персоналының грейдтер/лауазымдық жалақы схемасына толықтыру енгізу жөнінде ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ Корпоративтік хатшысының кейбір мәселелері туралы.
- «Транстелеком» АҚ Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің Мотивациялық карталарын бекіту бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Тиімділікті бағалау және «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу» ЖН бекіту және Директорлар кеңесінің 28.09.2021 жылғы шешімімен бекітілген (№7/2021 хаттама) «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидалары» ЖН жоюға қою туралы.
- «Транстелеком» АҚ Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің 2025 жылға арналған мотивациялық карталарын бекіту туралы.

**Комитет мүшелерінің есепті кезеңде өткізілген отырыстарға дербес қатысуы:**

## Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет мүшелерінің 2025 жылғы отырыстарға қатысуы

| № | Т.А.Ә. | Барлық отырыс (саны) | Отырыстарға қатысуы (саны) | Отырыстарға қатысуы (%) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | 4 | 4 | 100 |
| 2 | Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | 3 | 3 | 100 |
| 3 | Өтемұрат Берік Мұстайұлы | 0 | 0 | – |
| 4 | Аниховский Вячеслав Анатольевич | 4 | 4 | 100 |

**Сонымен, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамында:**

| № | Т.А.Ә. | Лауазымы | Сайланған күні |
|---|---|---|---|
| 1 | Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет Төрағасы | 2025 жылғы 15 желтоқсан |
| 2 | Өтемұрат Берік Мұстайұлы | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі | 2025 жылғы 15 желтоқсан |
| 3 | Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі | 2025 жылғы 15 желтоқсан |

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**Комитет өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 31 тамызда бекіткен «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес (№6/2016 хаттама) жүзеге асырады.**

Қоғамның жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің Комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің Төрағалары мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитет төрағасы болып Қоғамның Тәуелсіз директоры Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы сайланды, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сай келеді.

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен (№6/2023 хаттама) «Транстелеком»АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің келесі құрамы анықталды:**

- **Аниховский Вячеслав Анатольевич –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Өтемұрат Берік Мұстайұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**2025 жылғы 11 наурызда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№1/2025 хаттама) Стратегиялық жоспарлау комитетінің келесі құрамы бекітілді:**

- **Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Аниховский Вячеслав Анатольевич –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**2025 жылғы 15 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№11/2025 хаттама) Стратегиялық жоспарлау комитетінің келесі құрамы бекітілді:**

- **Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы –** Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Өтемұрат Берік Мұстайұлы –** Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

**2025 жылы Комитеттің 4 бетпе-бет отырысы өткізілді, онда 13 мәселе қаралып, олар бойынша ұсынымдар берілді.**

**Комитет соның ішінде келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:**

- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2024 жылғы есебін алдын ала қарау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «2024 жылдың қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарау туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «Транстелеком» АҚ-тың 2025 жылға арналған бюджетін бекіту туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығатын «Транстелеком» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «2025 жылғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы жөніндегі есепті қарау туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «Транстелеком «АҚ-тың бюджеттік саясатын бекіту туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «2025 жылғы III тоқсанның қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарау туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «Транстелеком» АҚ-тың 2025 жылға арналған түзетілген №2 бюджетін бекіту туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне: «Операциялық, инвестициялық бюджетті және ақша қаражаты қозғалысының бюджетін қамтитын «Транстелеком» АҚ-тың 2026 жылға арналған бюджетін бекіту туралы» мәселесі бойынша ұсынымдар беру туралы.

**Комитет мүшелерінің есепті кезеңде өткізілген отырыстарға дербес қатысуы:**

### Стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің 2025 жылғы отырыстарға қатысуы

| № | Т.А.Ә. | Барлық отырыс (саны) | Отырыстарға қатысуы (саны) | Отырыстарға қатысуы (%) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Арынғазиев Нұрлан Ұланұлы | 3 | 3 | 100 |
| 2 | Өтемұрат Берік Мұстайұлы | 1 | 1 | 100 |
| 3 | Ыбрайымов Қалымжан Уәлханұлы | 4 | 4 | 100 |
| 4 | Аниховский Вячеслав Анатольевич | 3 | 3 | 100 |

**2025 жылдың қорытындысы бойынша Комитеттер өздеріне жүктелген мақсаттарды, міндеттер мен функцияларды Комитеттер туралы ережелердің талаптарына сәйкес толық көлемде орындады.**

**Есепті кезеңде Комитеттер отырыстардың күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелерді жан-жақты қарады. Олардың әрқайсысы бойынша салмақты және негізделген ұсынымдар әзірленіп, оларды Қоғамның Директорлар кеңесі қолдады және қабылдады.**

**Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыруға, қаралған мәселелердің сапалы пысықталуын қамтамасыз етуге және Қоғамның корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіруге ықпал етті, бұл Акционерлердің күткеніне толық сәйкес келеді.**



## Директорлар Кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау 2025 жылы жүргізілген жоқ.**

Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 наурыздағы шешімімен бекітілген (№2/2022 хаттама) «Комплаенс-маманның, Ішкі аудит қызметі басшысының және «Транстелеком» АҚ Корпоративтік тексеру қызметі басшысының қызметін бағалау және оларға сыйақы төлеу қағидалары» негізінде жүзеге асырылады.

2025 жылғы 16 сәуірде (2/2025 хаттама) 2024 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының қызметінің негізгі көрсеткіштерінің іс жүзіндегі мәндері көрсетілген мотивациялық картасы және сыйақы мөлшерінің есебі бекітілді.

## Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу

**«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақылар төленеді және олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауымен байланысты шығыстары өтеледі, 2025 жылы төлемдер сомасы 154 863 мың теңге құрады (2024 жыл: 182 712 мың теңге).**

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің тұрғылықты мекенжайынан тыс жерде өткізілетін «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына жолға шығуымен байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік шығыстар) өтеледі.

# АТҚАРУШЫ ОРГАН

**«Транстелеком» АҚ Басқармасы Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ ішкі құжаттарында анықталған құзырет шегінде Қоғамның қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады.**

## Басқарманың құрамы

**Басқарманың құрамына Басқарма Төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары және белгіленген тәртіппен сайланған өзге де тұлғалар кіреді.**

Басқарманың сандық құрамын, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімін анықтау, оларды сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі шешіміне сәйкес (№2/2025 хаттама)**

**Басқарманың сандық құрамы өкілеттік мерзімі бір жыл болатын бес адам болып анықталды.**

**Қоғам Басқармасының құрамына келесі тұлғалар сайланды:**

- «Транстелеком» АҚ Басқармасының төрағасы – Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы.
- Қоғам Басқармасы Төрағасының стратегиялық даму және инновациялар жөніндегі орынбасары – Минавар Ерлан Ерікұлы.
- Қоғам Басқармасы Төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары – Никитенко Сергей Викторович.
- Қоғам Басқармасы Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Бекен Абылай Қуатұлы.
- Басқарма Төрағасының пайдалану қызметі жөніндегі орынбасары – Страшенко Кирилл Валерьевич.

## Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу

**Есепті жылы Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері (жалақылар мен ақшалай түрдегі көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері) 194 766 мың теңге құрады (2024 жыл: 47 783 мың теңге).**

# ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ӘДЕП

«Транстелеком» АҚ шыншылдық, әділдік, адалдық, айқындық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанады. Корпоративтік мәдениеттің негізін ар-ұяттылық, сенімділік, кәсібилік, сыйластық және өзара көмек құрайды.

**Компанияның іскерлік этика кодексі қызметкерлердің мінез-құлық нормаларын бекітеді, корпоратившілік қатынастарды, әлеуметтік жауапкершілік пен корпоративтік басқару мәселелерін реттейді. Кодекс «Транстелеком»АҚ-тың барлық қызметкерлері мен басқару органдары үшін міндетті.**

**Мердігерлер мен консультанттар үшін Кодекстің ережелері қолданыстағы міндеттемелер шеңберінде ұсынымдық сипатқа ие.**

# МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

**«Транстелеком» АҚ-та бекітілген Корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясаты қолданылады, ол акционерлер мен басқару органдары арасындағы қақтығыстарды ерте анықтауға және жедел шешуге бағытталған. Процесті есепке алуды жүргізуге және үйлестіруге Корпоративтік хатшы жауапты. 2025 жылы Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы болған жоқ.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«Транстелеком» АҚ сыбайлас жемқорлық көріністерін ұлттық қауіпсіздікке жүйелі қатерлердің бірі ретінде қарастырады және құқықтық сауаттылықты және оның көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатта көрсетілетін қағидаттар мен басымдықтарға бағдарланады, Қазақстан Республикасы заңнамасының осы саладағы барлық қолданыстағы талаптарын ескереді.

**«Транстелеком» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара ықпалдаса отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға үзілді-кесілді төзбеушілік саясатын ұстанады.**

**«Транстелеком» АҚ парақорлықтың кез келген нысанын, оның ішінде жұмыстарды орындағаны үшін немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздіктер) «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің өкілеттіктері шеңберіне кіретін болса, материалдық сыйақы, жеңілдіктер немесе мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы қызметтер ұсынуды немесе алуды болдырмайды. Алдағы уақыттарда тараптардың қандай да бір міндеттемелеріне әкеп соғуы мүмкін қонақжайлылық белгілерін көрсетпейді және қонақжайлылық белгілерін немесе сыйлықтарды қабылдамайды. Сыбайлас жемқорлық істеріне қатысы болған лауазымды адамдар мен жұмыскерлер жұмыстан шығарылуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жауаптылыққа тартылуға жатады.**

«Транстелеком» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы негізгі мақсаты «Транстелеком» АҚ-та сыбайлас жемқорлықты жою (оның алдын алу) бойынша тиімді шараларды іске асыру, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жұмыскерлер арасында корпоративтік этиканың құқықтық мәдениетін, асқан шыншылдық пен сатылмаушылықты қалыптастыру болып табылады.

**«Транстелеком» АҚ қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға және басшылыққа алуға тиіс:**

- заңдылық;
- адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- жариялылық пен айқындық;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның қолданылмай қалмайтындығы;
- «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің бойында алаяқтықты, сыбайлас жемқорлықты жоққа шығаратын және лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде шыншылдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты жүзеге асыру;
- мемлекеттік органдармен, сондай-ақ «Транстелеком»АҚ серіктестерімен және контрагенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша ынтымақтастық.

**«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:**

1. **«Транстелеком» АҚ-тың бүкіл жұмыскерлерін алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға қатыстыру, ұжымда бизнесті этикалық жүргізуге ықпал ететін ахуал қалыптастыру және алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікпен қарауды қалыптастыру;**
2. **«Транстелеком» АҚ жұмыскерлерінің бойында өз лауазымдық міндеттерін атқаруда шыншылдық пен айқындық қағидаттарын ұстануды қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті келесілер арқылы қалыптастыру:**

- «Транстелеком» АҚ жұмыскерлері мен клиенттерінің/контрагенттерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген нысандары мен көріністерін қабылдамау туралы біркелкі түсінігін қалыптастыру;
- «Транстелеком «АҚ-тың, оның жұмыскерлерінің олардың лауазымына, жұмыс істеу мерзіміне, мәртебесіне және «Транстелеком» АҚ-пен өзге де өзара қарым-қатынастарына байланыссыз сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу тәуекелін барынша азайту;
- сыбайлас жемқорлыққа әкелетін факторларды жою;
- «Транстелеком» АҚ-тың алаяқтық іс-әрекет жағдайлары айқындалған басқару функцияларын атқарушы тұлғалары мен жұмыскерлеріне қатысты тәртіптік шараларды көздеп, алаяқтық, жымқыру, иемдену жағдайларына «үзілді-кесілді төзбеушілік» корпоративтік мәдениетін қалыптастыру.

3. **шарттық қатынастар жасасқанда сыртқы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық ықтималдығын төмендетуге бағытталған тексеру іс-шараларын жүргізу арқылы клиенттермен/контрагенттермен шарттар жасасу кезіндегі алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу.**

2016 жылдан бері «Транстелеком» АҚ-та АЖ пайдаланылатын «Сенім телефоны» жұмыс істеп келеді, сондай-ақ «Telegram» әлеуметтік желісінде «ТТС Smart Bot» арнасы ашылды, оған Компанияның қызметкерлері мен іскер серіктестері сыбайлас жемқорлық, алаяқтық көріністердің ықтимал фактілері, қаржы-бухгалтерлік және кадрлық жұмыстағы бұзушылықтар туралы өздері немесе жасырын негізде хабарлап отырады. Оларға хабарламаны құпия және анонимді негізде жіберу мүмкіндігі ұсынылады. Бұл ретте құпиялылық пен анонимділікке кепілдік беріледі. Сенім телефонына келіп түскен барлық негізделген бұзушылық фактілері бойынша «Транстелеком» АҚ басшыларына дереу хабарланады және шаралар қабылданады.

Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау және оларды орындарынан ауыстыру кезінде нормативтік актілерге сәйкес бос лауазымдарға конкурстық іріктеу рәсімдерінің жариялылығы, ашықтығы мен айқындығы қамтамасыз етілуі бақыланады. Конкурстық іріктеудің қорытындылары туралы ақпарат ресми сайтта орналастырылады.

«Транстелеком» АҚ өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтайды және сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандары мен көріністеріне қарсы ымырасыз іс-қимыл жасауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқаруға күш салады.

**2025 жылы қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеттері жөніндегі хабарлама түскен жоқ.**

# ТЕРРОРИСТІК ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Транстелеком» АҚ-та терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мақсатты іс-шаралар өткізіледі.

**«Транстелеком» АҚ объектілерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған істер:**

- «Транстелеком» АҚ объектілеріне қолжетімділікті бақылау және басқару жүйелері жұмыс істейді, жаңадан қабылданған қызметкерлерге электрондық рұқсат карталары беріледі;
- «Транстелеком» АҚ объектілерінде тәулік бойы және күндізгі күзет бекеттері орнатылды;
- ай сайын әкімшілік ғимараттардың, аумақтың және желілік-кабельдік шаруашылық объектілерінің қоршауының жай-күйін бөгде заттарды анықтау тұрғысынан тексеру жүргізіледі;
- объектілер заманауи инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен, қолжетімділікті басқару және бақылау жүйесімен және бейнебақылау жүйесімен жарақтандырылады;
- әкімшілік ғимараттар объектілерінің терроризмге қарсы қорғалу паспорттары әзірленді және бекітілді;
- Қоғам объектілерінде қауіп-қатер немесе террористік акт жағдайларындағы хабарлау схемалары мен тізімдері түзетіліп және жаңартылып отырады.

## Техникалық іс-шаралар

**«Транстелеком» АҚ күзеттік іс-шараларды қамтамасыз ету мақсатында:**

- түнгі уақытта объектілердің аумағын жарықтандыру құралдарының жарамдылығы тұрақты негізде қамтамасыз етіледі;
- ай сайын күзет дабылының жұмысқа қабілеттілігін тексеру жүргізіледі;
- тоқсан сайын «Транстелеком» АҚ филиалдарындағы жеке қорғану құралдарының жай-күйін тексеру және алдын алу жұстары жүргізіледі;
- ай сайын «Транстелеком» АҚ филиалдарының жертөле, шатыр жайлары мен іргелес аумақтарын тексеру жүргізіледі;
- желілік байланыс құрылыстарын бөгде заттардың болуы тұрғысынан мерзімді тексеру жүргізіледі.

**Ұйымдастырушылық іс-шаралар:**

- Шу АПД берген 28.11.2025 жылғы №31 тексеру нәтижелері туралы актіні орындау үшін Шу қаласы, Бекбосынов көшесі, 1 мекенжайында орналасқан «Жамбылтранстелеком» филиалының әкімшілік ғимаратын терроризмге қарсы қорғау ұйымдастырылды;
- Шымкент қ. ДОП берген 18.06.2025 жылғы №47 тексеру нәтижелері туралы актіні орындау үшін Шымкент қ., Қабанбай батыр к-сі, 1/4 мекенжайында орналасқан «Шымкенттранстелеком» филиалы әкімшілік ғимаратын терроризмге қарсы қорғау ұйымдастырылды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде діни төзімділікке, өзара сыйластыққа және діни экстремизмге жол бермеуге тәрбиелеуге бағытталған үгіт-насихат жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылады.

## Режимдік, күзет және алдын алу іс-шаралары

**2025 жылы «Транстелеком» АҚ-та контрагенттің күшімен жеке тұлғалардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ мүлкін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау ұйымдастырылды (күзеттік іс-шаралар). Күзеттік іс-шаралар «Транстелеком» АҚ-тың 25 объектісінде 28 күзет бекетінің күшімен ұйымдастырылды.**

2025 жылы «Қарағандытранстелеком» филиалының объектісінде (Ақадыр кенті, Қыздарбеков көшесі, 31) қосымша тәулік бойы күзет бекеті ұйымдастырылды.

## Азаматтық қорғаныс іс-шаралары

**«Транстелеком» АҚ-та тұрақты негізде азаматтық қорғау (Азаматтық қорғаныс) іс-шараларын орындау жұмыстары жүргізіледі.**

«Транстелеком» АҚ 2025 жылы Астана қаласында (21.02.2025 жылы) ТЖ-ға дең қою бойынша штабтық жаттығу ұйымдастырып, өткізді.

**«Транстелеком» АҚ-тың ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру бойынша тұрақты жұмыстар жүргізіледі.**

Қоғамның 14 жұмыскерін (басқарушы директорларды, филиалдар мен ОА АҚ штабының пайдалану жөніндегі директорларын) азаматтық қорғаныс курстарында оқыту ұйымдастырылды.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

**«Транстелеком» АҚ-тың құны мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін уақтылы сәйкестендіру және оны төмендету шараларын қабылдауға бағытталған «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретіндегі тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын «Транстелеком» АҚ түсінеді. Тәуекелдерді басқару Компанияның стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару мен қаржылық тұрақтылықты ұстап тұру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) бизнес жүргізудің және компанияны басқарудың негізгі процестеріне интеграциялады және ТБКЖ бойынша саясат «Транстелеком» АҚ қызметінің барлық түрлеріне қатысты қолданылады.**

**ТБКЖ-ның тиімді жұмыс істеуі мақсатында «Транстелеком» АҚ өз қызметінің барлық деңгейлерінде бизнестің өмірлік цикліне сәйкес келетін мынадай өзара байланысты компоненттерді басшылыққа алады:**

1. **басқару және мәдениет;**
2. **стратегия және мақсат қою;**
3. **қызметтің тиімділігі;**
4. **мониторинг және өзгерістер енгізу;**
5. **ақпарат, коммуникация және есептілік.**

## ТБКЖ компоненттері мен қағидаттары

1. **Бақылау ортасы**
- Ұйымдық құрылымы
- Шыншылдық және әдеп нормалары
- Философия және басшылық стилі
- Кадрлық саясат
- Қызметкерлердің құзыреттілігі, «басқару және мәдениет» компонентімен байланысты

2. **Тәуекелдерді бағалау**
- Тәуекелдерді анықтау және талдау («қызметтің тиімділігі» компонентімен тығыз байланысты)

3. **Бақылау процедуралары**
- Процедуралар мен саясаттар (тәуекелдерді басқарудың бөлігі болып табылады)

4. **Ақпарат және коммуникациялар**
- Ішкі бақылау саласындағы ішкі және сыртқы коммуникациялар

5. **Мониторинг**
- Мониторинг, есептілік және өзгерістер енгізу
- «Ақпарат, коммуникация және есептілік» компонентімен тығыз байланысты

**ТБКЖ енгізу және жетілдіру «Транстелеком» АҚ стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарты болып табылады, сондай-ақ қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті белгілеуді және дамытуды білдіреді, шығындарды болдырмау және пайданы барынша арттыру мақсатында «Транстелеком» АҚ қызметінің барлық бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне тән тәуекелдерді анықтау, талдау және бағалау, мониторингтеу, бақылау және басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдануды қамтиды.**

## ТБКЖ мақсаттары

**ТБКЖ-ның негізгі мақсаты қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктерді басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады, бұл капиталдандыруды ұлғайту процесіне ықпал етуі тиіс. ТБКЖ сонымен қатар келесі мақсаттарды алға қояды:**

1. «Транстелеком» АҚ-та тәуекелдерді айқындау, бағалау және басқарудың бірыңғай және дәйекті тәсілдерін әзірлеу және қолдану, тігінен (басқару) және көлденеңінен (тәжірибе алмасу) тәуекелдер туралы ақпарат алмасу рәсімдерін оңайлату;
2. «Транстелеком» АҚ үшін нақты және түсінікті критерийлер негізінде «Транстелеком» АҚ-та тәуекелдерді басқару сапасын белгілеу және қадағалау мүмкіндігін қалыптастыру;
3. активтерді, олардың нарықтық құнын есепке алу және акционерлік капиталды бағалау жүйесін құру үшін ақпараттық база қалыптастыру;
4. туындайтын тәуекелді оқиғаларға жедел ден қою, сыртқы және ішкі ортаның өзгерістерін қадағалап отыру;
5. тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету немесе үшінші тарапқа беру (сақтандыру, хеджирлеу) мақсатында оларды басқару бойынша мақсатты қызметті ұйымдастыру;
6. «Транстелеком» АҚ тәуекелдері туралы ақпаратты жүйелеу және одан әрі жинақтау, бизнестің басқарылуын жақсарта түсу;
7. нәтижесінде – тиімділікті арттыру және тәуекелдерді басқаруды оңтайландыру арқылы «Транстелеком» АҚ капиталдандырылуын арттыру.

## ТБКЖ қағидаттары

**«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады. «Транстелеком» АҚ Аудит жөніндегі комитеті ТБКЖ мен ішкі бақылаудың сенімділігі және тиімділігін бақылау мәселелері бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне жәрдемдеседі.**

«Транстелеком» АҚ Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және тиімділігін қолдауды қамтамасыз етеді.

**Көлденең коммуникацияны қамтамасыз ету және тәуекелдер тізілімін тиімді енгізу үшін «Транстелеком» АҚ-та Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол «Транстелеком» АҚ Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар әзірлейді. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындауда «Қорғаудың үш желісі» моделіне сүйенеді:**

**Директорлар кеңесі / Аудит жөніндегі комитет**

**Атқарушы орган**

**Бірінші қорғау желісі –**
(бизнес-функциялар)

Құрылымдық бөлімшелер, өз құзыреті шеңберінде әрекет ететін әрбір қызметкер арқылы. Жұмыскерлер (тәуекел иелері) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәуекелдерді тікелей басқарады және өз құзыреті шегінде бақылау рәсімдерін орындайды.

**Екінші қорғау желісі –**
мониторинг функциялары

Құрылымдық бөлімшелер, оның ішінде тәуекел-бөлімше, бірінші қорғау желісінің қызметі мен негізгі тәуекелдерді мониторингілеу функцияларын жүзеге асырады, тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың, заңнаманы, әкімшілік қағидаларды/ішкі регламенттерді сақтаудың тиімді практикасын енгізуді қамтамасыз етеді және қадағалайды. Екінші қорғау желісі бірінші қорғау желісінің қызметіне мониторинг, шолу, бағалау, сараптама жүргізеді.

**Есеп беруге міндеттілік**

**Үшінші қорғау желісі –**
тәуелсіз функциялар

Ішкі аудит қызметі, тиімділікті тәуелсіз бағалайды және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге жәрдемдеседі, оларға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалауды ұсынады.

## ТБКЖ тәсілдері

**Тәуекелдерді тиімді басқару келесі бес қадамнан тұратын үздіксіз және циклдік процесті талап етеді:**



### ① БИЗНЕС-МАҚСАТТАРДЫ ТҰЖЫРЫМДАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ

«Транстелеком» АҚ бизнес-мақсаттарды өз қызметінде кездесетін стратегиялық және ажырамас тәуекелдерді ескере отырып тұжырымдайды. Бизнес-контекстінің тәуекел бейініне ықтималды әсері, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ ұшырауы ықтимал тәуекелдер деңгейін төмендетудің ықтимал тәсілдері қарастырылады.

### ② ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Тәуекелдерді бағалау процесі «Транстелеком» АҚ қызметіне және оның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне жетуіне теріс әсер етуі мүмкін аса маңызды тәуекелдерді бөліп көрсету мақсатында жүргізіледі. Тәуекелді бағалау нәтижелері тәуекелге жауап беру шараларын таңдауға негіз болады.

### ③ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУ

Тәуекелдердің басымдылығы әрбір тәуекелдің тәуекел картасындағы позициясына сәйкес белгіленеді (аса қауіпті, ірі, орташа және төмен тәуекелдер). Тәуекелдерді басымдықтары бойынша жіктеген кезде бағалау нәтижелерінен басқа келесі критерийлер ескерілуі мүмкін: «Транстелеком» АҚ-тың тәуекелге бейімделу және оған жауап беру қабілеті, тәуекелдердің өзара тәуелділігі – нәтижесінде оларды басқарудың күрделілігі артады, тәуекелдің «Транстелеком» АҚ қызметіне әсер ету жылдамдығы, тәуекел салдарының «Транстелеком» АҚ-қа теріс әсер етуінің ұзақтығы және т. б.

### ④ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ЖАУАП БЕРУ

«Транстелеком» АҚ тәуекелге жауап беру стратегиясын қызметті жүргізу шарттарын, пайда мен шығындардың арақатынасын, міндеттемелер мен күтулерді, тәуекелдерге басымдық беруді, тәуекел-тәбетті (тәуекелді қабылдау, тәуекелден жалтару, тәуекелді саналы түрде ұлғайту, тәуекелді азайту және тәуекелді беру) ескере отырып айқындайды.

### ⑤ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Тәуекелдерді және қызметтің тиімділігін талдау компанияның қызметіне біріктіріледі. «Транстелеком» АҚ қызмет нәтижелеріне, оның ішінде жекелеген бағыттар бойынша, тәуекелдерді ескере отырып шолу жүргізеді: нәтижелілікке әсер еткен тәуекелдер қарастырылады; тәуекелдердің бағалануы мен жауап беру шараларын анықтау бұрын қаншалықты тиімді болды; шаралардың өзі қаншалықты тиімді жүзеге асырылды.

ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТ

**«Транстелеком» АҚ-та 2025 жылға арналған тәуекел-тәбет әзірленді және бекітілді. Тәуекел-тәбет оның шеңберінде «Транстелеком» АҚ өз алдына қойған стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізе алатын тәуекелді ұстап тұрудың өзіндік деңгейін сипаттайды, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ қабылдауға дайын аса қауіпті тәуекелдер/тәуекел-факторлар деңгейінің жоғарғы шегін айқындайды. Тәуекел-тәбеттің сандық көрсеткіштерімен қатар «Транстелеком» АҚ-та сапалық көрсеткіштер де қолданылады.**

# 2025 жылы тәуекелдерді басқару

**«Транстелеком» АҚ ТБКЖ-ны үнемі жетілдіріп және тәуекелдерді басқару бойынша нормативтік-әдістемелік базаны жақсартып, өзінің ТБКЖ-ны дамытуға және жетілдіруге бейілділігін растайды.**

**Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, «Транстелеком» АҚ-та тәуекел-мәдениетті дамыту, сондай-ақ үздік тәжірибелерді енгізу шеңберінде 2025 жылы бірқатар негізгі іс-шаралар өткізілді:**

1. 2025 жылға арналған тәуекелдер тізілімі жасалды, онда негізгі тәуекелдік көрсеткіштер мен тәуекелдердің орын алуына жол бермеу іс-шаралары қайта қаралды.
2. Атқарушы орган мен Директорлар кеңесі үшін тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер дайындалып, онда негізгі тәуекелдер, сондай-ақ тәуекелдерді барынша азайту жоспарларының іске асырылуы жөніндегі мәліметтер сипатталды және талданды.

# «Транстелеком» АҚ-тың негізгі тәуекелдері

## ӨТІМДІЛІК ТАПШЫЛЫҒЫ ТӘУЕКЕЛІ

**«Транстелеком» АҚ-тың өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындай алмауымен байланысты туындайтын немесе «Транстелеком» АҚ-тың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің теңгерімсіздігінің нәтижесінде туындайтын тәуекел.**

**31.12.25 ж. жағдай бойынша ағымдағы өтімділік коэффициенті 1,26 құрады, ал 31.12.24 ж. жағдай бойынша бұл көрсеткіш 1,77 құраған болатын. Өтімділік коэффициентінің төмендеуі ақша қаражатының ірі жылыстауы себебінен болды – «Транстелеком» АҚ-тың қаржылық міндеттемелері мерзімінен бұрын өтелді және ірі контрагент алдындағы кредиторлық берешек ішінара өтелді.**

**2025 жылы өтімділік тәуекелін азайту үшін келесі шаралар қабылданды:**

- негізсіз шығыстарды (жобаларды іске асыру үшін «қолдануға келмейтін» жабдықтарды сатып алуды және т. б.) азайту;
- қалыптасқан дебиторлық берешек туралы хаттарды (хабарламаларды) уақтылы жіберу және клиенттің оны алуын бақылау;
- шартта көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып, кінәрат-талап хаттарын қою жолымен мерзімі өткен дебиторлық берешекті азайту;
- екінші деңгейдегі банктермен жасалған кредиттік шарттар талаптарының орындалуын бақылау.

## «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ БАНКТЕР МЕН ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗУ ТӘУЕКЕЛІ

**31.12.2025 жылғы жағдай бойынша қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды бұзу болған жоқ. Тәуекелді азайту үшін қабылданатын шаралар:**

- кредиттік шарттарды қаржылық және қаржылық емес ковенанттардың сақталуына қатысты мониторингтеу тұрақты негізде жүргізіледі;
- міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын орындау;
- негізсіз шығындарды азайту;
- контрагенттермен міндеттемелерді және мерзімі өткен дебиторлық берешекті өтеуді қамтамасыз ету бойынша жұмыс.

## УАҚЫТША БОС АҚША ҚАРАЖАТЫНА ҚАТЫСТЫ ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

**«Транстелеком» АҚ өз қызметін жүзеге асыруы кезінде шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты бағамдары өзгеруімен байланысты шығындар туындауы тәуекелі. Тәуекел «Транстелеком» АҚ-тың валюталық позициясын құндық мәнмен қайта бағалаудан туындайды.**

Шетел валютасымен өзара есеп айырысулардың болуына байланысты Қоғам валюталық тәуекелге ұшырауға бейім. 31.12.2025 ж. жағдай бойынша таза валюталық позиция барлық валюталар бойынша 1 277 млн теңге құрады. Оның ішінде теріс мәндер RUB бойынша 1 147 млн теңге (рубль бағамына индекстеу шартымен ұзақ мерзімді шығыс шарты), GBP бойынша 5 млн теңге (шығыс шарттары) және EUR бойынша 70 млн теңге (шығыс шарттары). VAR бағалау (жылдық мәні) ықтималды шығынның жыл басынан бастап 2 637 млн теңгеден 942 млн теңгеге дейін төмендегенін көрсетті.

**Тәуекелді азайту үшін қабылданатын шаралар:**

- валюта бағамын мониторингілеу;
- валюталық позицияны әртараптандыру.

## ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ

**Жұмыскерлердің еңбекті қорғау саласында белгіленген ережелерді сақтамауы, өндірістік тәртіпті бұзу қызметкерлердің өміріне қауіп төну мен денсаулығына зиян келу көзі болып табылады. 2025 жылы «Транстелеком»АҚ жұмыскерлерінің өндірістік жарақат алу жағдайлары болған жоқ.**

**Тәуекелдің туындауы ықтималдығын азайту үшін қабылданатын шаралар:**

- анағұрлым жетілдірілген сақтандыру белдеулері қамтамасыз етілді және филиалдар бойынша Тіректер мен темірбетон приставкаларды жаңарту (ауыстыру) бағдарламасы бойынша жоспарға сәйкес ақаулы тіректерді жаңарту (ауыстыру) мақсатында ағаш тіректер сатып алу жүргізілді;
- жұмыскерлер қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсатпен ғана жіберіледі;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженерлерін қауіпсіз еңбек әдістеріне оқыту сапалы және жүйелі түрде жүргізіліп отырады;
- қауіптілігі жоғары жұмыстардың орындалуын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженерлерінің жұмыс орнында бақылауы;
- жұмыс басталардың алдында қажетті жеке қорғаныш құралдарының, жабдықтардың болуы тексеріледі, жұмыс орындарын дайындау және т. б. жүргізіледі;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар екі тілде (қазақ және орыс) ұсынылады.

## МЕРЗІМІ ӨТКЕН (3 АЙДАН АСҚАН) ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ҰЛҒАЮ ТӘУЕКЕЛІ

**«Транстелеком» АҚ-тың сатып алушылары мен тапсырыс берушілерінен бұрын көрсетілген қызметтер үшін кірістің түгел алынбауымен байланысты тәуекел.**

31.12.2025 ж. жағдай бойынша мерзімі өткен (3 айдан асқан) дебиторлық берешек 4 971 млн теңге құрайды, ал 31.12.2024 ж. жағдай бойынша дебиторлық берешек сомасы 7 327 млн теңге құраған болатын.

**Осы тәуекелдің туындауы ықтималдылығын азайту үшін қабылданған шаралар:**

- орындалған жұмыстар актілеріне уақтылы қол қою;
- тұрақты мониторинг және Шарт талаптарына сәйкес дебиторлық берешек басталған күннен бастап клиенттерге қоңырау шалу арқылы еске салу;
- қалыптасқан дебиторлық берешек туралы хаттарды уақтылы жіберу және клиенттің алуын бақылау;
- орын алған дебиторлық берешекті міндеттемелердің орындалу мерзімдері бұзылуына қатысты уақтылы бақылап отыру;
- шот-фактураларды уақтылы және дұрыс беру.

## Тәуекелдерді басқару жүйелерінің үздік тәжірибелері мен стандарттарын одан әрі қарай енгізу

**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жаңа жағдайлар ескеріле отырып, негізгі міндеттер анықталды, олар ТБКЖ-ның халықаралық стандарттарға, корпоративтік басқару критерийлеріне сәйкес дамытуды қамтамасыз етуі және компанияның алға қойған мақсаттарына жетуіне кедергі келтіретін тәуекелдерді азайтуы, сондай-ақ компанияның одан әрі өсу мүмкіндіктерін тудыруы тиіс:**

1. Корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шараларының жоспарын ТБКЖ-ға қатысты ТБКЖ-ның ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарына сәйкес іске асыру.
2. ТБКЖ бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру және тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру.
3. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту және оларды стратегиялық жоспарлау, қаржы-инвестициялық қызмет, операциялық қызмет процестерімен және бизнес-шешімдер қабылдаумен интеграциялау.
4. Тәуекел-мәдениет деңгейін бағалау, дамыту және жоғарылату.
5. Стратегиялық даму, жобалық басқару, ақпараттық қауіпсіздік және орнықты даму шеңберінде тәуекелдерді басқару бойынша кросс-функционалдық өзара ықпалдасу.

# ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді, оның қызметіне Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді. ІАҚ қызметкерлерін тағайындауды, босатуды және оларға сыйақы төлеуді Директорлар кеңесі бекітеді.

**МИССИЯСЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ:**

**ІАҚ ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару мәселелері бойынша тәуелсіз кепілдіктер мен кеңестер ұсынып, компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде Директорлар кеңесі мен Басқармаға көмектеседі.**

**ІАҚ-ТЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ЕСЕП БЕРУ МІНДЕТТІЛІГІ КЕЛЕСІЛЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ:**

- барлық негізгі регламенттер мен жоспарларды бекіту;
- есептерді және қызметтегі шектеулерді қарау;
- Аудит жөніндегі комитеттің барлық негізгі іс-шараларға қатысуы.

**ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ:**

- Қызмет Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады.
- ІАҚ туралы ереже халықаралық кәсіби стандарттарға негізделген және «Транстелеком» АҚ бизнесіне бейімделген.
- Тоқсан сайын аудиторлық жоспардың іске асырылуы туралы есептер ұсынылады.

**ІАҚ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін үздік халықаралық тәжірибелерді ескерумен үнемі бағалап отырады.**

# АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

2025 жылы «Ақпараттық қауіпсіздік саясаты» және «Ақпараттық қауіпсіздік шараларының қолданымдылығын анықтау қағидалары» бекітілді («Транстелеком» АҚ Басқармасы отырысының 25.09.2025 ж. №15/2025 хаттамасы).

**Орталық аппаратта, сондай-ақ «Астанатранстелеком», «Павлодартранстелеком», «Қызылордатранстелеком», «Қарағандытранстелеком» филиалдарында ақпараттық қауіпсіздіктің интеграцияланған менеджмент жүйесіне ішкі аудит жүргізілді.**

АҚ бағыты «Транстелеком» АҚ жұмыскерлерінің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы хабардарлығын жоғарылату жөніндегі бекітілген бағдарламасы шеңберінде Қоғам қызметкерлерін АҚ және дербес деректерді қорғау бойынша оқытуды жүргізді.

**ҚР СТ ISO/IEC 27001-2023 «Ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік және құпиялылықты қорғау. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйелері. Талаптар» стандартының талаптарына сәйкестікке аудит сәтті өтті және сәйкестік сертификаты алынды.**

Ақпараттық қауіпсіздікті және клиенттердің дербес деректерін қорғауды қамтамасыз ету шеңберінде 2025 жылы «Транстелеком» АҚ-та ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені іске асырылды. Қоғамда «Дербес деректерді жинау және өңдеу қағидалары» бекітілді, дербес деректерді өңдеу процестерін ұйымдастыруға жауапты тұлға тағайындалды, сондай-ақ құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге қол қою қамтамасыз етілді. Ақпаратты қорғау үшін заманауи техникалық құралдар, соның ішінде желілік сегменттеу қолданылады, ал ақпараттық жүйелерге қолжетімділік рөлдік модель негізінде, қолжетімділік құқықтарын келісу және ажырату рәсімдері қолданылып жүзеге асырылады.

«Транстелеком» АҚ клиенттер туралы ақпаратты жинауды, пайдалануды және сақтауды Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырады. Дербес деректер телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну, шарттық міндеттемелерді орындау және заңнама талаптарын орындау үшін қажетті көлемде ғана жиналады. Клиенттік ақпараттың құпиялылығы мен сақталуын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық және техникалық қорғау шаралары қолданылады.

# САПАНЫ БАСҚАРУ

«Транстелеком» АҚ ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001, ISO/IEC 20000-1, СТ РК ISO/IEC 27001 халықаралық және ұлттық стандарттарына негізделген Интеграцияланған менеджмент жүйесін (бұдан әрі – ИМЖ) дамыта отырып,

**ҰСЫНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ-ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА БАСА НАЗАР АУДАРАДЫ.**

**2025 жылы «Транстелеком» АҚ маңызды тексеруден – сыртқы аудиттен өтті. Оны тәуелсіз сертификаттау ұйымдары – URS Kazakhstan және Қазақстан Сапа Орталығы өткізді.**

**Мамандар компаниядағы барлық процестердің жай-жапсарын, яғни қызмет көрсету сапасы мен деректерді қорғаудан бастап қызметкерлердің қауіпсіздігі мен экологияға көзқарасқа дейін тексерді. Тексеру келесі халықаралық және ұлттық стандарттар бойынша жүргізілді:**

- **ISO 9001 «Сапа менеджменті жүйесі»;**
- **ISO 14001 «Экологиялық менеджмент жүйесі»;**
- **ISO/IEC 20000-1 «IT-сервистер менеджменті жүйесі»;**
- **ISO 45001 «Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы менеджмент жүйесі»;**
- **ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі»;**
- **ISO/IEC 27001-2015 «Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі».**

Аудиттен өту – формальдылық қана емес. Бұл ТТС айқын, қауіпсіз және тиімді жұмыс істейтіндігінің дәлелі.

**Аудит нәтижелері бойынша ТТС өзінің жоғары талаптарға сәйкестігін сәтті растады және келесі 3 жылға екі негізгі сертификат алды:**

- **ISO 45001 – қауіпсіз еңбек жағдайларын жасағаны үшін,**
- **ISO/IEC 27001-2023 – ақпаратты қорғаудың жоғары деңгейі үшін.**

**КОМПАНИЯ СОНЫМЕН ҚАТАР СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІЛІМІНДЕ ҚАЛДЫ.**

**ТТС мұндай тексерулерден 2005 жылдан бері өтіп келеді. Жыл сайын компания инспекциялық және қайта сертификаттау аудиттерінен өтіп, ISO стандарттарына сәйкестігін растайды. Бұл телекоммуникация саласындағы тұрақты даму мен көшбасшылықтың маңызды элементтерінің бірі болып табылады.**

«Трансгелеком» АҚ

# 6 ҚОСЫМШАЛАР

**КОМПАНИЯ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖОҒАРЫ СТАНДАРТТАРЫН ДӘЙЕКТІ ТҮРДЕ ҚОЛДАНАДЫ**




054 1-қосымша. Есеп туралы
057 2-қосымша. GRI стандартты элементтер кестесі
060 3-қосымша. Қаржылық есептілік
066 Глоссарий

# 1-ҚОСЫМША. ЕСЕП ТУРАЛЫ

## Компания мен есеп форматы туралы

**«Транстелеком» АҚ 2025 жылға арналған интеграцияланған есепті ұсынады, онда қызметтің негізгі қорытындылары, акционерлер, клиенттер, серіктестер мен инвесторларға арналған ақпарат, сондай-ақ даму жоспарлары көрсетілген.**

Компания корпоративтік басқару мен орнықты дамудың жоғары стандарттарын дәйекті түрде қолданады. 2015 жылдан бастап жылдық есептерде операциялық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар экология, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және әлеуметтік жауапкершілік аспектілері GRI стандарттары ескеріле отырып ашылады.

Қабылдауға ыңғайлы болу үшін есепте қосымша материалдарға, сонымен қоса «Транстелеком» АҚ-тың  ресми сайтына сілтемелер бар.

## Есепті кезең және есептің шегі

Есеп 2025 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтиды. Көрнекілік үшін 2023 және 2024 жылдардағы салыстырмалы көрсеткіштер ұсынылған.

Қаржылық деректер 2025 жылғы 31 желтоқсандағы ХҚЕС бойынша тексерілген есептілікке сәйкес теңгемен көрсетілген және www.ttc.kz. веб-сайтында қолжетімді. Есеп орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде дайындалды.

## Есептің мазмұнын анықтау процесі

«Транстелеком» АҚ қызмет нәтижелерін, соның ішінде жетістіктерді де, Компания есепті кезеңде кезіккен қиындықтарды да объективті түрде ашып көрсетуге ұмтылады.

**Есеп мазмұнын қалыптастыру кезінде келесі қағидаттар қолданылды:**

- Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу.
- Орнықты даму контексі.
- Маңыздылық.
- Толықтық.

**Есепте Компания үшін басымды: ұзақ мерзімді экономикалық өсу, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, адами капиталды дамыту тақырыптары қамтылды. Ақпарат техникалық терминология барынша аз қолданылып, ұғынымды түрде ұсынылған. Көрнекілік үшін схемалар, графиктер мен кестелер қолданылды, пайдаланылған қысқартулар түгел көрсетілді.**

**Маңызды тақырыптар GRI әдіснамасы негізінде таңдалды және мыналарды қамтиды:**

① Телекоммуникация саласындағы орнықты даму контексін және үздік тәжірибелерді талдау.

② Операциялық процестер мен бизнес-модельдің әсерін бағалау.

③ Мүдделі тараптардың пікірлерін ескеру.

④ Тақырыптарға маңыздылық деңгейі бойынша  басымдық беру.

**ЕСЕПТЕ АШЫЛЫП КӨРСЕТІЛГЕН МӘЛІМЕТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ.**

# Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу


**«Транстелеком» АҚ мүдделі тараптармен белсенді өзара ықпалдасу қағидатын ұстанады, ашықтық пен айқындықты жоғары деңгейде қамтамасыз етеді. Компания маңызды ақпаратты уақтылы ұсынып және келіп түскен сұраныстарды және күтулерді ескеріп, тұрақты коммуникациялар құрады.**

## «ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ-ТЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСУ ТӘСІЛІ

**Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу – орнықты дамудың және «Транстелеком» АҚ үшін ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен сындарлы қарым-қатынас стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді, беделдік және операциялық тәуекелдерге орнықтылықты арттырады, бизнес-орта мен әлеуметтік күтулерді тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.**

«Транстелеком» АҚ мүдделі тараптардың пікірін ескеруге және бизнес-практиканы әлеуметтік жауапкершілік, экология және қайырымдылық саласындағы өзекті қажеттіліктерді ескере отырып бейімдеуге ұмтылады. Өзара ықпалдасудың негізі ашықтық, құрмет, сенім және өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттары болып табылады.

Өзара ықпалдасу тәсілі корпоративтік құжаттарда – Корпоративтік этика кодексінде және Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген, олар барлық стейкхолдерлердің құқықтарын қорғауға және мүдделерін үйлестіруге бағытталған.



- Клиенттер
- Қызметкерлер
- Менеджмент
- Жергілікті қауымдастықтар
- Акционерлер
- Кәсіподақ
- Серіктестер
- Бәсекелестер
- Өнім берушілер
- Инвесторлар
- Бұқаралық ақпарат құралдары
- Мемлекеттік органдар

**«Транстелеком» АҚ мүдделі тараптарды ықпал ету дәрежесі бойынша үш санатқа жіктейді:**

**Өкілеттік және жауапкершілік аймағы:** Компанияның тікелей қоластындағы және басқаруындағы стейкхолдерлерді (мысалы, қызметкерлер, еншілес ұйымдар) қамтиды.

**Тікелей әсер ету аймағы:** Компания өзінің операциялық қызметінің шеңберінде тікелей әсер ететін топтар мен ұйымдарды қамтиды (мысалы, клиенттер, өнім берушілер, акционерлер).

**Жанама әсер ету аймағы:** реттеушілік, беделдік немесе қоғамдық алаңдар арқылы өзара ықпалдасатын сыртқы стейкхолдерлерді қамтиды (мысалы, мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті қауымдастықтар).

**«Транстелеком» АҚ стейкхолдерлермен өзара ықпалдасауды ашықтық, құрмет және өзара пайда қағидаттары негізінде құрады. Компания тұрақты түрдегі диалогты қолдау және шешім қабылдау кезінде мүдделі тараптардың пікірін ескеру маңызды деп санайды.**

**Өзара ықпалдасудың негізгі қағидаттары:**

- тұрақты түрдегі және сындарлы диалог;
- серіктестік қарым-қатынас және өзара тиімді ынтымақтастық;
- сенім білдіру мен шынайылыққа негізделген коммуникация;
- қызметтің айқындығы;
- міндеттемелер мен жауапкершілікті сақтау.

**Негізгі мүдделі тараптар:**

- акционерлер;
- кәсіподақ ұйымдары;
- қызметтерді тұтынушылар мен қызметтерге тапсырыс берушілер;
- өнім берушілер мен мердігерлер;
- компанияның қызметкерлері;
- мемлекеттік органдар мен реттеуші инстанциялар;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- жергілікті қауымдастықтар.

Бұл тәсіл іскерлік беделді нығайтуға, орнықты қарым-қатынас қалыптастыруға және «Транстелеком» АҚ қызметіне сенімділікті арттыруға ықпал етеді.

### АКЦИОНЕРЛЕР

«Транстелеком» АҚ орнықты өсуге және акционерлердің мүддесі үшін Компанияның құнын ұлғайтуға ұмтылады. Компания айқындық, құқықтар теңдігі қағидаттарын ұстанады және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін сақтайды.

Акционерлерге арналған ақпарат жылдық есеп, қаржылық есептілік арқылы және корпоративтік веб-сайтта қолжетімді. Барлық акционерлерге Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа тең қолжетімділік берілген.

Жарғыға сәйкес, басқару Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі және Басқарма арқылы жүзеге асырылады, олар акционерлердің құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қаржылық көрсеткіштерден басқа, акционерлер қаржылық емес аспектілерге: корпоративтік басқару сапасына, клиенттермен және серіктестермен өзара ықпалдасуға, өндіріс қауіпсіздігіне және қоғамдастықтардың дамуына қосылатын үлеске назар аударады.

### ПЕРСОНАЛ

«Транстелеком» АҚ адами капиталды дамытуға баса назар аудара отырып, персоналмен қарым-қатынасты құрмет, сенім және серіктестікке негіздейді.

Жалақы, әлеуметтік кепілдіктер, еңбек жағдайлары мен мансаптық өсу мүмкіндіктері заң талаптарына сәйкес келеді және еңбек шарттарында бекітілген. Компания қызметкерлердің кәсіби өсуі мен тиімділігін арттыру үшін жағдай жасай отырып, бастамашылдықты, жауапкершілікті және жоғары нәтижелерге ұмтылуды ынталандырады.

### ӨНІМ БЕРУШІЛЕР МЕН ТҰТЫНУШЫЛАР

«Транстелеком» АҚ айқындық, шыншыл бәсекелестік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қағидаттарын сақтай отырып, орнықты және ұзақ мерзімді әріптестікке ұмтылады. Компания міндеттемелерді уақтылы орындайды, ашық диалогты қолдайды және өнім берушілер мен тұтынушыларға қажетті ақпаратты ұсынады. Қызметтердің сапасы мемлекеттік және корпоративтік стандарттарға сәйкес бақыланады.

### МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР

«Транстелеком» АҚ мемлекеттік құрылымдармен жауапкершілік негізіндегі және адал қарым-қатынас орнатады, заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс топтарына қатысады. Компания саяси партиялар мен қайраткерлерге қолдау көрсетпейді, ал елдің дамуына үлесі қайырымдылық және демеушілік бастамалар арқылы жүзеге асырылады.

### ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

«Транстелеком» АҚ білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, инфрақұрылым және абаттандыру салаларындағы жобаларды іске асыра отырып, жергілікті қоғамдастықтармен өзара ықпалдасады. Бұл бастамалар өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді және компанияның таралу аймақтарында позитивті ахуал қалыптастырады.

### БАҚ

«Транстелеком» АҚ қызметтің айқындығын қамтамасыз етеді және БАҚ-пен сындарлы диалог орнатқан – Компания баспасөз конференцияларын өткізеді және республикалық басылымдарда үнемі материалдар жариялап отырады.

Ақпаратқа қол жеткізудің негізгі арнасы – www.ttc.kz ресми веб-сайты, әсіресе оның «Компания туралы» бөлімі. Мұнда жаңалықтар, есептер, көрсеткіштер, басқару органдарының құжаттары ұсынылған. Барлық ақпарат орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде қолжетімді.

## Растау

**Орнықты даму бойынша ақпарат сыртқы растаудан өткен жоқ.**

### БОЛЖАМДАР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Есептегі кейбір мәліметтер болжамды сипатта болып табылады. Олар: «күтілетін», «ниетті», «бағалайды» сөздері, сондай-ақ жоспар деген белгісі бар көрсеткіштер.

Іс жүзіндегі нәтижелер мәлімделгеннен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Болжамдар жарияланған сәтте ғана өзекті және болашақ нәтижелердің кепілі болып табылмайды.

# 2-ҚОСЫМША. GRI СТАНДАРТТЫ ЭЛЕМЕНТТЕР КЕСТЕСІ

**Қолдану туралы мәлімдеме:**
«Транстелеком» АҚ есепті 2025 жылғы GRI стандарттарына сәйкес дайындады

**GRI 1 қолдану:**
GRI 1: Негіздер 2021
**Қолданылатын салалық стандарт:**
Қолданылмайды

| GRI стандарты | Ашу | Бөлім | Ерекшелік | | | Салалық стандарттағы № |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Көрсеткіш | Себеп | Түсіндірме | |
| **Жалпы ашулар** | | | | | | |
| **GRI 2 2 Жалпы ашулар 2021** | 2-1 Ұйым профилі | Компанияның бейіні | | | | |
| | 2-2 Есепке енгізілген ұйымдар | Компанияның бейіні | | | | |
| | 2-3 Есепті кезең | Есеп туралы | | | | |
| | 2-4 Есеп берудегі өзгерістер | Есеп туралы | | | | |
| | 2-5 Сыртқы кепілдік | Есеп туралы | | | | |
| | 2-6 Операциялар, құн тізбегі және басқа қатынастар | Бизнес-модель | | | | |
| | 2-7 Жұмыскерлер | Персонал құрамы | | | | |
| | 2-8 Штаттан тыс жұмыскерлер | Персонал құрамы | | | | |
| | 2-9 Корпоративтік басқарудың құрылымы мен құрамы | Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы | | | | |
| | 2-10 Жоғары басқару органдарын тағайындау | Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру | | | | |
| | 2-11 Жоғары басқару органының басшысы | Директорлар кеңесінің құрамы | | | | |
| | 2-12 Ұйымның әсерін қадағалаудағы жоғары басқару органдарының рөлі | Орнықты даму | | | | |
| | 2-13 Орнықты даму бойынша өкілеттіктерді табыстау | Орнықты даму | | | | |
| | 2-14 Орнықты даму бойынша есеп берудегі жоғары басқару органдарының рөлі | Орнықты даму | | | | |
| | 2-15 Мүдделер қақтығысы | Мүдделер қақтығысын реттеу | | | | |
| | 2-16 Коммуникациялар мен шағымдар | Шағымдар мен апелляциялар | | | | |
| | 2-17 Жоғары басқару органдарының ОД бойынша құзыреттерін дамыту | Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру | | | | |
| | 2-18 Жоғары басқару органдарын бағалау | Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау | | | | |
| | 2-19 9 Сыйақы саясаты | Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу; Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу | | | | |
| | 2-20 Сыйақыны анықтау процесі | Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2-21 Сыйақы көрсеткіштері | Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу | | | | |
| | 2-22 Орнықты даму стратегиясы туралы мәлімдеме | Орнықты даму | | | | |
| | 2-23 Жауапты іскерлік тәжірибелер саясаты | Құндылықтар және әдеп қағидаттары | | | | |
| | 2-24 Саясатты енгізу | Құндылықтар және әдеп қағидаттары | | | | |
| | 2-25 Теріс әсерлерді жою процестері | Тәуекелдерді басқару | | | | |
| | 2-26 6 Іскерлік тәжірибелер бойынша кеңес беру және өтініш беру механизмдері | - | | Қолданылмайды | Қазіргі уақытта компанияда өтініш беру механизмдері жоқ | |
| | 2-27 Заңдар мен реттеуші нормаларды сақтау | Реттеуші ортаға шолу | | | | |
| | 2-28 Қауымдастықтарға мүшелік | Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу | | | | |
| | 2-29 Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу тәсілі | Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу | | | | |
| | 2-30 Ұжымдық келісімдер | Әлеуметтік саясат | | | | |
| **Маңызды тақырыптар** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау процесі | Есеп туралы | | | | |
| | 3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі | Есеп туралы | | | | |
| **Экономикалық нәтижелілік** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Орнықты даму | | | | |
| **GRI 201 Экономикалық нәтижелілік 2016** | 201-1 Құрылған және бөлінген экономикалық құн | Орнықты даму | | | | |
| **Сатып алу тәжірибесі** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Сатып алуды ұйымдастыру | | | | |
| **GRI 204 Сатып алу тәжірибесі 2016** | 204-1 Жергілікті өнім берушілерге шығыстар үлесі | Сатып алуды ұйымдастыру | | | | |
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | | | | |
| **GRI 205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2016** | 205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қатысты бағаланған операциялар | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | | | | |
| | 205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер бойынша коммуникациялар және оқыту | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | | | | |
| | 205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | | | | |
| **Энергия** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | | | Қолданылмайды | | |
| **GRI 302 Энергия 2016** | 302-1 Ұйым ішінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну | | | Қолданылмайды | | |
| | 302-4 Энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту | | | Қолданылмайды | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Эмиссиялар** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Қоршаған ортаны қорғау | | | | |
| **GRI 305 Эмиссиялар 2016** | 305-1 Парниктік газдардың тікелей эмиссиялары (1 Қамту) | Қоршаған ортаны қорғау | | | | |
| | 305-7 7 Атмосфераға басқа да елеулі шығарындылар | Қоршаған ортаны қорғау | | | | |
| **Жұмыспен қамту** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Персонал құрамы | | | | |
| **GRI 401 Жұмыспен қамту 2016** | 401-1 Жалданған қызметкерлер және персоналдың тұрақтамауы | Персонал құрамы | | | | |
| | 401-3 3 Ата-ана демалысы | Әлеуметтік саясат | | | | |
| **Еңбекті қорғау** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| **GRI 403 Еңбекті қорғау 2018** | 403-1 Еңбекті қорғау жүйелері | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-2: Қауіпті анықтау, хабарлау және инциденттерді тексеру | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-3: Еңбекті қорғау қызметтері | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-4: Жұмыскерлердің қатысуы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша консультациялар және ақпарат алмасу | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-5: Жұмыскерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-6: : Қызметкерлердің денсаулығын қолдау | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-7: Денсаулық пен қауіпсіздік үшін зиян салдарды болдырмау және жұмсарту | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| | 403-9: Өндірістік жарақаттану | Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау | | | | |
| **Оқыту** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Персоналды оқыту | | | | |
| **GRI 404 Тренингтер және оқытуе 2016** | 404-1 Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны | Персоналды оқыту | | | | |
| | 404-2 Біліктілікті арттыру бағдарламалары | Персоналды оқыту | | | | |
| | 404-3 Тұрақты түрде нәтижелілік бағасын алатын жұмысшылар пайызы | Персоналды оқыту | | | | |
| **Тең мансаптық мүмкіндіктер** | | | | | | |
| **GRI 3 Маңызды тақырыптар 2021** | 3-3 Тақырыпты басқару | Персонал құрамы | | | | |
| **GRI 405 Әртүрлілік және тең мансаптық мүмкіндіктер 2016** | 405-1 1 Басқару органдарындағы және персонал құрылымындағы әртүрлілік | Персонал құрамы | | | | |
| | 405-2 2 Әйелдер сыйақысының ерлердің сыйақысына қатынасы | Персонал құрамы | | | | |

| | |
|---|---|
| **Компания үшін маңызды емес деп танылған сала үшін маңызды тақырыптар** | **Қолданылмайды** |

# 3-ҚОСЫМША. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

## 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың қаржылық есептілігі және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

### БАСШЫЛЫҚТЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ

**Басшылық «Транстелеком» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі, бірлесіп - «Топ») Топтың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның көрсетілген күні аяқталған жылғы қызмет нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Халықаралық қаржылық есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындауға жауапты болады.**

**Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:**

- Есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолданылуын қамтамасыз ету;
- Ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- Пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауапты болады.

**Басшылық сондай-ақ:**

- Топтағы ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ Топтың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысан түріндегі есепті жүргізуге;
- Бухгалтерлік есепті ХҚЕС-ке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шараларды қолдануға; және
- Қаржылық және басқа асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

EY
Shape the future with confidence

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., А15Е3Н4
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, А15Е3Н4
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
77/7 Al-Farabi ave.
Esental Tower
Almaty, A15E3H4
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

**Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

«Транстелеком» акционерлік қоғамының Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен басшылығына

***Пікір***

Біз «Транстелеком» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

***Пікірді білдіру негізі***

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Топқа қатысты бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес қабылдаған *Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда)* (БХЭСК кодексі) сәйкес, жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

1

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

***Аудиттің басты мәселелері***

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

Біз есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

| *Аудиттің басты мәселесі* | *Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды* |
|---|---|

***Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім***

*3-ескертпеде* көрсетілгендей, Топтың телекоммуникациялық қызметтерден, АТ-қызметтерден және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаудан түсетін түсімді қоса алғанда, түсімнің әртүрлі түрлері бар.

Топ шартқа сай орындалуға жататын міндеттемені орындаған кезде түсім танылады. Шарттық талаптардың көптігі мен алуан түрлілігіне, баға белгілеудің әртүрлі элементтеріне байланысты түсімді тану басшылықтың маңызды пікірлерін талап етеді.

Телекоммуникациялық қызметтерден түсетін түсім бірнеше жүйелерден, соның ішінде биллинг жүйесінен алынған жеке маңызды емес операциялардың үлкен көлемінен туындайды. Деректерді өңдеу және мұндай түсімді есепке алу автоматтандырылған процесс болып табылады және белгіленген тарифтік жоспарларға негізделген.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің әртүрлі түрлерін тану процесі туралы түсінікке ие болдық.

Біз Топ таңдаған және қолданатын түсімді тануға қатысты есеп саясатын талдадық.

Біз қызмет көрсету кезеңі мен растайтын құжаттарда көрсетілген сомаларды негізгі бухгалтерлік жүйеде танылған түсім деректерімен салыстырдық.

Біз ағымдағы жылдың телекоммуникациялық және АТ-қызметтерінен түсетін ай сайынғы түсім сомаларын алдыңғы жылдың ай сайынғы түсім сомаларымен салыстыра отырып, талдамалық рәсімдерді жүргіздік және түсімді танудың ерекше трендтерін сараладық.

Телекоммуникациялық және IT-қызметтерінен түсетін түсім бойынша біздің АТ-мамандарымыздың қатысуымен тиісті АТ-жүйелер қаралды, сондай-ақ биллингтік және бухгалтерлік жүйелерге қатысты жалпы АТ-бақылаулардың дизайны бағаланып, олардың операциялық тиімділігіне тестілеу жүргізілді.



A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

Сондай-ақ, Топ атқару міндетінің орындалу дәрежесін бағалау негізінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаудан түскен түсімді таниды, бұнда оны анықтау үшін Топ басшылығы жалпы түсімді және ұзақ мерзімді жобаны іске асыруға жұмсалатын шығындарды болжауды және шарттар бойынша түсімнің жалпы сомасын пайдалану міндеттеріне бөлуді білдіретін ресурстар әдісін пайдаланады.

Осылайша, түсімді есепке алу процесіне қатысатын ақпараттық жүйелердің күрделілігіне және түсімді дұрыс танымау мен бағалау тәуекелдеріне байланысты біз бұл мәселені аудит үшін ең маңыздыларының бірі ретінде анықтадық.

Сатып алушылармен жасалған шарттар және басшылық қолданған жорамалдар бойынша түсімді тану жөніндегі есеп саясатына қатысты ақпаратты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептілікке *3-ескертпеге және 4-ескертпеге*, ал түсім түрлері жөніндегі ақпаратты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *22-ескертпесіне* қосылған.

Телекоммуникациялық және АТ-қызметтерінен түсетін түсім үшін біз клиенттерге ұсынылатын сомаларды есептеу және клиенттерден алынған сомаларды көрсету бойынша процестердің АТ-бақылауын тестіледік.

Біз телекоммуникациялық және АТ-қызметтерінен түсетін түсімді есепке алуға байланысты тиісті АТ-жүйелері арасындағы деректерді беруге байланысты бақылауларды тестіледік.

Біз автоматтандырылған есеп айырысу жүйесінде жүзеге асырылған тарифтік өзгерістерді авторизациялауды растайтын құжаттарды зерттедік.

Біз қос жүйеден де деректерді салыстыру арқылы биллинг жүйесінен бухгалтерлік есеп жүйесіне деректерді тасымалдауды тексердік.

Біз іріктелген негізде телекоммуникациялық және АТ-қызметтерінен түсетін түсімнің тиісті кезеңде танылатындығын анықтау үшін жыл соңына дейін және кейін тікелей танылған түсімді сараладық.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарынан түсетін түсім үшін біз жобаларды аяқтауға, жобаларды аяқтау пайызына, жоспарды түсім, сол сияқты шығыстар бойынша іс жүзіндегі деректермен салыстыруға, сондай-ақ шығынды жобалар бойынша келешек шығындар резервтеріне болжамды залалдарды айқындау кезінде басшылықтың жорамалдарын бағаладық. Біз ұзақ мерзімді жобалардың аяқталу дәрежесін бағалау үшін негізгі шарттардың талаптары мен болған шығындарды зерделедік.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді ашып көрсетуге қатысты ақпаратты талдадық.



A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

***Бизнесті сатып алу***

2025 жылғы қаңтарда Топ «Railverse» ЖШС жарғылық капиталына қатысудың 100% үлесін сатып алды.

Топ «Railverse» ЖШС-нің таза активтерінің әділ құнына сатып алу күніне бағалау жүргізді. Әділ құнды бағалау шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі маңызға ие және Топ басшылығынан маңызды кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді. Осыған орай, біз бұл мәселені аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі ретінде айқындадық.

Бизнесті сатып алу және Басшылық қолданған жорамалдар жөніндегі есеп саясатына қатысты ақпаратты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептілікке *3-ескертпеге және 4-ескертпеге*, ал бизнесті сатып алу жөніндегі ақпаратты ашып көрсету шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *5-ескертпесіне* қосылған.

Біз үлесті сатып алу-сату шартын және құрылтай құжаттарын талдадық.

Біз сатып алынған қатысу үлесіне бақылаудың бар-жоғына қатысты басшылық жүргізген бағалауды және оның Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі есепке алынуын талдадық.

Біз басшылық пайдаланған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер объектілерінің әділ құнын бағалау жөніндегі мамандарды тарттық және басшылық қолданған негізгі жорамалдар мен пайымдауларды, оның ішінде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесінің негізділігін талдадық.

Біз материалдық емес активтердің әділ құнын айқындау үшін басшылық пайдаланған болашақ ақша ағындарының моделінің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз бизнесті сатып алу туралы ақпаратты ашып көрсетуді шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаладық.

***Маңызды жағдайлар***

Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *28-ескертпесіне* назарыңызды аудартамыз, онда Топтың байланысты тараптармен жасалған операцияларының едәуір көлемі сипатталған. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

***Топтың 2025 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат***

Басқа да ақпаратқа Топтың 2025 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2025 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.



A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

***Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі***

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

***Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін негіз ретінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі шаруашылық бірлікке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз. Біз Топтың аудит мақсаттары үшін орындалатын аудиторлық процедураларды жалпы басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табылымыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.



A member firm of Ernst & Young Global Limited

Shape the future with confidence

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Әділ Сыздықов.

**„Эрнст энд Янг“ ЖШС**

Адиль Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-нің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2, №0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

А15Е3Н4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2026 жылғы 1 шілде



A member firm of Ernst & Young Global Limited

# Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

## 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

| Мың теңгемен | Ескерт. | 2025 жылғы 31 желтоқсан | 2024 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Айналымнан тыс активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 6 | **69.667.640** | 66.304.016 |
| Берілген ұзақ мерзімді аванстар | 8 | **–** | 4.222.541 |
| Материалдық емес активтер | 7 | **2.804.780** | 3.279.875 |
| Басқа да айналымнан тыс активтер | 9 | **5.470.738** | 277.383 |
| | | **77.943.158** | 74.083.815 |
| **Айналымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 12 | **2.083.358** | 1.911.619 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі | 28 | **20.868.871** | 10.247.950 |
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | 10 | **11.980.491** | 14.554.152 |
| Шарттар бойынша активтер | 10 | **207.789** | 370.050 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **855.334** | 1.580.534 |
| Басқа да айналымдағы активтер | 11 | **3.641.406** | 7.042.039 |
| Берілген аванстар | 8 | **586.391** | 931.074 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 13 | **5.890.669** | 13.575.088 |
| | | **46.114.309** | 50.212.506 |
| **Активтер жиыны** | | **124.057.467** | 124.296.321 |
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Акционерлік капитал | 14 | **12.241.487** | 12.241.487 |
| Бөлінбеген пайда | | **35.520.657** | 41.548.281 |
| | | **47.762.144** | 53.789.768 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 15 | **8.302.664** | 9.000.000 |
| Шығарылған облигациялар | 16 | **22.664.439** | 22.467.090 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 17 | **206.431** | 211.859 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **549.675** | 700.622 |
| Сауда кредиторлық берешек | 19 | **–** | 737.808 |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер | 18 | **1.038.987** | 1.199.241 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | 21 | **6.966.476** | 7.775.578 |
| | | **39.728.672** | 42.092.198 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 15 | **3.223.807** | 146.250 |
| Шығарылған облигациялар | 16 | **659.086** | 659.086 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 17 | **394.597** | 155.173 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **1.213.453** | 964.519 |
| Сауда кредиторлық берешек | 19 | **21.066.767** | 16.387.168 |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер | 18 | **1.726.838** | 1.824.002 |
| Төленуге салықтар және басқа да міндетті төлемдер | | **1.113.062** | 2.419.789 |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер | 20 | **7.169.041** | 5.858.368 |
| | | **36.566.651** | 28.414.355 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **76.295.323** | 70.506.553 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **124.057.467** | 124.296.321 |

# Жиынтық зиян туралы шоғырландырылған есеп

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**

| Мың теңгемен | Ескерт. | 2025 жыл | 2024 жыл |
|---|---|---|---|
| Түсім | 22 | **87.970.700** | 88.835.149 |
| Операциялық жалдаудан түскен кірістер | 22 | **169.185** | 132.694 |
| Өзіндік құн | 23 | **(74.046.389)** | (69.435.834) |
| **Жалпы пайда** | | **14.093.496** | 19.532.009 |
| | | | |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 24 | **(7.177.488)** | (11.044.441) |
| **Негізгі қызметтен түскен пайда** | | **6.916.008** | 8.487.568 |
| | | | |
| Қаржылық кірістер | 25 | **777.095** | 1.896.488 |
| Қаржылық шығыстар | 26 | **(5.024.278)** | (8.096.989) |
| Бағамдық айырмадан болған (зиян)/пайда | | **(2.814.525)** | 2.524.602 |
| Басқа да кірістер, нетто | 27 | **473.872** | 18.906.683 |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | **328.172** | 23.718.352 |
| | | | |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 21 | **(513.664)** | (5.373.274) |
| **Бір жылғы залал** | | **(185.492)** | 18.345.078 |
| | | | |
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | | |
| Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық кіріс сомалары (салықтарды шегере отырып): | | | |
| Жұмыскерлердің ұзақ мерзімді сыйақылары бойынша жоспарларды қайта бағалаудан түскен пайда/(зиян) | | **157.868** | (124.170) |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да таза жиынтық кіріс/(залал)** | | **157.868** | (124.170) |
| **Салықтар шегерілген бір жылғы басқа да жиынтық кіріс/(залал)** | | **157.868** | (124.170) |
| **Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық зиянның жиыны** | | **(27.624)** | 18.220.908 |

# Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**

| Мың теңгемен | Акционерлік капитал | Бөлінбеген пайда | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|
| **2024 жылғы 1 қаңтарға** | 12.241.487 | 23.327.373 | 35.568.860 |
| | | | |
| Бір жылғы пайда | – | 18.345.078 | 18.345.078 |
| Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық зиян | – | (124.170) | (124.170) |
| **Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны** | – | 18.220.908 | 18.220.908 |
| **2024 жылғы 31 желтоқсанға** | **12.241.487** | **41.548.281** | **53.789.768** |
| | | | |
| Бір жылғы залал | **–** | **(185.492)** | **(185.492)** |
| Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс | **–** | **157.868** | **157.868** |
| **Бір жылғы жиынтық залал** | **–** | **(27.624)** | **(27.624)** |
| Дивидендтер (14-ескертпе) | – | **(6.000.000)** | **(6.000.000)** |
| **2025 жылғы 31 желтоқсанға** | **12.241.487** | **35.520.657** | **47.762.144** |

# Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

## 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

| Мың теңгемен | Ескерт. | 2025 жыл | 2024 жыл |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | **328.172** | 23.718.352 |
| | | | |
| **Мыналарға түзетулер:** | | | |
| Амортизацияға | 23,24 | **12.190.558** | 13.551.612 |
| Қаржылық шығыстар | 26 | **5.024.278** | 8.096.989 |
| Қаржылық кірістер | 25 | **(777.095)** | (1.896.488) |
| Тауар-материалдық қорлардың құнсыздануы бойынша резервті есептен шығару/(қалпына келтіру) | 24 | **1.793** | (76.173) |
| Берілген аванстардың, өзге де айналымдағы және айналымнан тыс активтердің құнсыздануына резервті есептеу | 24 | **95.455** | 1.003.427 |
| Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан түскен кіріс | | **–** | (18.108.723) |
| Жұмыскерлердің сыйақы міндеттемелері бойынша шығыстар | | **107.192** | 93.967 |
| Бағамдық айырмадан болған (зиян)/пайда | | **2.814.525** | (2.524.602) |
| Негізгі құралдардың құнсыздануы бойынша резервті есептеу | | **29.554** | – |
| Дебиторлық берешекке күтілетін кредиттік зияндар резервін (қалпына келтіру)/есептеу | 24 | **(1.441.045)** | 2.573.218 |
| Бағалау міндеттемелерін есептеу /(қалпына келтіру) | 20 | **1.111.285** | (3.207.255) |
| Басшылыққа арналған сыйақыға резервті есептеу | 24 | **228.839** | 874.018 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті есептеу | | **466.729** | – |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервін (қалпына келтіру)/есептеу | 13 | **(72.585)** | 65.295 |
| Тиімді сатып алудан түскен кіріс | 5 | **(10.689)** | – |
| **Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы** | | **20.096.966** | **24.163.637** |
| | | | |
| **Айналым капиталындағы өзгерістер** | | | |
| Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс | | **(7.011.421)** | (6.445.790) |
| Тауар-материалдық қорларды өзгерту | | **(32.548)** | 5.267.230 |
| Берілген аванстардың өзгеруі | | **345.938** | (71.687) |
| Басқа да айналымдағы активтердің өзгеруі | | **2.882.414** | (2.518.170) |
| Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі | | **6.585.735** | 2.666.473 |
| Төленуге салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің өзгеруі | | **62.487** | (11.404.940) |
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердің өзгеруі | | **(95.867)** | (6.638.690) |
| Басқа да қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс | | **(463.713)** | 3.014.791 |
| Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің өзгеруі | | **(89.671)** | (84.286) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты** | | **22.280.320** | **7.948.568** |
| | | | |
| Алынған пайыздар | | **426.822** | 971.768 |
| Қарыздар бойынша төленген пайыздар | 29 | **(1.586.352)** | (29.948) |
| Жалдау міндеттемелері бойынша төленген пайыздар | 29 | **(38.120)** | (110.226) |
| Облигациялар бойынша төленген купондық сыйақы | 29 | **(2.870.007)** | (2.870.006) |
| Төленген табыс салығы | | **(3.317.452)** | (4.442.791) |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты** | | **14.895.211** | **1.467.365** |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | **(2.691.282)** | (4.676.946) |
| Депозиттерді алу, нетто | | **866** | – |
| Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан түскен түсім | | **–** | 35.810.114 |
| Еншілес ұйымды сатып алу | 5 | **(8.894.138)** | – |
| Басқа да төлемдер, нетто | | **(5.729)** | (22.631) |
| **Инвестициялық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша қаражаты** | | **(11.590.283)** | **31.110.537** |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Қарыздарды өтеу | 29 | **(1.098.415)** | (1.497.415) |
| Қарыздар алу | 29 | **3.401.079** | 9.000.000 |
| Бөліп-бөліп сатып алынған активтерге қатысты кредиторлық берешекті өтеу | | **(7.156.553)** | (32.639.268) |
| Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын өтеу | 29 | **(196.469)** | (289.462) |
| Дивидендтерді төлеу | | **(6.000.000)** | – |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты** | | **(11.050.358)** | **(25.426.145)** |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі** | | **(7.745.430)** | **7.151.757** |
| | | | |
| Шетел валютасы бағамы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражаты мен оның баламаларының қалдығына әсері | | **(11.574)** | 152.428 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервіндегі өзгеріс | | **72.585** | (65.295) |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары | | **13.575.088** | 6.336.198 |
| **Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары** | **13** | **5.890.669** | **13.575.088** |

# ГЛОССАРИЙ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ**
«Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

**«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ**
«Транстелеком» акционерлік қоғамы

**ААҚ**
Ашық акционерлік қоғам

**АБЭ**
Автоматтандырылған басқару жүйесі

**АҚБЖ**
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі

**АТС**
Автоматты телефон станциясы

**БКМ**
Бақылау-касса машинасы

**БЦП**
Бірыңғай цифрлық платформ

**ДӨО**
Деректерді өңдеу орталығы

**ЖІІЖ**
Жедел іздестіру іс-шараларының жүйесі

**КҚ**
Кеңжолақты қосылу

**ККЖ**
Кабельдік құрылысжайлар желілері

**КПТЖ**
Көпшілік пайдаланатын телекоммуникация желісі

**ҚНК**
Қызметтің негізгі көрсеткіштер

**ҚОТЖ**
Қашықтан оқыту және тестілеу жүйесі

**МКК**
Мемлекеттік кірістер комитеті

**НААА**
Нөмірді автоматты түрде анықтау аппаратурасы

**РМК**
Республикалық мемлекеттік кәсіпорын

**СМЖ**
Сапа менеджменті жүйесі

**ТОБЖ**
Талшықты-оптикалық байланыс желілері

**ФДО**
Фискалдық деректер операторы

**ХҚЕС**
Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

**ЦДИжАӨМ**
Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрлігі

**ЭДТ АБЖ**
«Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі

**ЭкМЖ**
Экологиялық менеджмент жүйес

**ЭнМЖ**
Энергетикалық менеджмент жүйесі

**ARPU**
Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа түсім

**HW**
Hardware

**LTE**
Мобильді телефондар мен деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдарға арналған деректерді сымсыз жоғары жылдамдықпен беру стандарты

**M2M**
Машина мен машинаның өзара әрекеттесуі

**MPLS**
Өнімділігі жоғары телекоммуникация желісіндегі деректерді желінің бір торабынан екіншісіне таңбалар арқылы беретін механизм

**SLA**
Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім

**VPN**
Virtual Private Network

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Осы есепте ұсынылған ақпарат жөнінде барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуыңызды сұраймыз:
Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қ., Д. Қонаев к-сі, 10 үй, 23 қабат

**ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС**

Тел.: +7 (7172) 61-06-34
E-mail: org@ttc.kz

**Жылдық есепте берілген ақпаратты пайдаланған кезде оған міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс.**

**«ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ» ТЕЛЕФОНЫ**

**8 800 080 86 68**
(ҚР бойынша қалалық және ұялы телефондардан қоңырау шалу – тегін).

**ТІРКЕУШІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

**Толық атауы: «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ.**

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., «Самал-1» шағын ауданы, 28-ғимарат
Тел.: +7 (727) 262-08-46
Факс: +7 (727) 355-47-60
E-mail: kacd@kacd.kz

www.ttc.kz

## Аудиторлық ұйым туралы ақпарат

**Трансгелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 26 қазандағы шешімімен «Эрнст ЭНД ЯНГ» ЖШС «Трансгелеком» АҚ-тың 2023, 2024, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігіне қатысты аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып анықталды.**

ЕҮ аудит, салық салу, мәмілелерді сүйемелдеу және кеңес беру саласындағы халықаралық көшбасшы болып табылады. Аудиторлық ұйымның тәжірибесі мен қызметтерінің сапасы әлемнің әртүрлі елдерінде жұртшылықтың капитал нарықтары мен экономикаға сенімін нығайтуға көмектеседі.

1992 жылы «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС халықаралық фирмалар арасында бірінші болып Қазақстанда көптеген ұйымдарға, соның ішінде әртүрлі индустрияларда жұмыс істейтін трансұлттық корпорацияларға, ұлттық және жеке компанияларға аудиторлық және консалтингтік қызметтер көрсете бастады. Бүгінгі таңда Қазақстанда «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС-ның 700-ден аса қызметкері жұмыс істейді және оның Алматы, Астана және Атырау қалаларында үш кеңсесі бар. «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС Қазақстанда 85-тен аса кәсіби қызмет түрін көрсетеді.

## Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

**Сыртқы аудитор «Эрнст ЭНД ЯНГ» ЖШС-ның пікірінше, «Трансгелеком» АҚ-тың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жасалған қаржылық есептілігі барлық маңызды аспектілеріне қатысты шынайы болып табылады және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ұсынылған.**